




28 МАУСЫМ - БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КҮНІ



Мерекке құтты болсын, әріптестер!

СЫР-СҰХБАТ

Журналистердің төл мерекесіне орай, жыл сайын қазақ баспасөзіне еңбегі сіңген сақа жорналшыларды, атына аңыз ерген кәсіби редакторларды газет бетіне шығарып, сұхбаттасып отыратын дәстүріміз бар еді. Онда журналистикадағы кейбір көңілге күпті тақырыптар айтылады. Жас журналистердің қарым-қабілеті, аға буын мен жастар арасындағы сабақтастық сөз болады. Қазақ журналистикасының өткені мен бүгіні туралы естелік-әңгіме шертіледі. Сол үрдіс бойынша, «Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторын әңгімеге тарттық.



Қали СӘРСЕНБАЙ,
«Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторы:

ЖАЗЫП ТҰРМАСА, «МЕН» ДЕГЕН ЖУРНАЛИСТІҢ ӨЗІ ТОҚЫРАЙДЫ

Жас qazaq: Кали аға, журналистер күні — төл мерекеніз құтты болсын! Құдайға шүкір, жеке-дара мерекеміз бар, бірақ осы баспасөз өкілдерінде нақты статус жоқ сияқты. Біз не мемлекеттік қызметкер емеспіз, не енбекақымыз да біркелкі емес дегендей...

К.Сәрсенбай: Мемлекеттік қызметкер журналистерсіз де көп. Ол туралы өткенде Азат Перуашев айтқан жоқ па, біздегі шенеуніктер Жапониядан 80 есе көп екен. Сондықтан, мемлекетке жүк қылып, ол санатқа бізді қосып қайтеді? Ал дамыған елдердің бәрінде баспасөз өкілдерінің табысы әр түрлі. Біреуі ТОО-да, біреуі АҚ-ның қарамағында жұмыс істейді. Олардың жұмысы да, енбекақысы да соған қарай әр алуан болып келеді.

Жалпы, баспасөз бір мекемеге немесе мемлекетке басыбайлы болмауы керек. Еркін, тәуелсіз болғаны дұрыс. Сонда ғана ол кез келген тақырыпты сынай алады, шынайы ақпарат бере алады. Ешкімге жалтақтамайды. Мүмкіндігі шектелмейді. Бұл барлық баспасөздің әлмисактан келе жатқан дәстүрі, тіпті арманы десе де болады.

(Жалғасы 3-бетте)

БІЛІМ

Жыл сайын дәл осы уақытта ҰБТ тапсырған ұл-қыздардың алашапқын болатын әдеті бар. Бірақ биылғы мектеп бітірушілер жылдағыдай емес, ың-шыңсыз, айғай-шусыз. Арасында айласын асырғысы келген бірлі-жарым оқушылар болды.

Мәселен, тестілеудің алғашқы күні 10 ұялы телефонмен аудиторияға кірмекші болған мектеп бітіруші қырағы тексерушілерге ұсталып қалды. Бұл Астанада болған жағдай. Ал Алматыда ерекше шпаргалка алып кірген мектеп бітірушінің тапқырлығына мамандардың өзі тәнті болып отыр. Әлгі оқушы аудиторияға су құйылған пластикалық бөтелкенің этикеткасына химия пәнінің формуласын жазып алып, шөлін қандырып отырып тест тапсырған. Оны есік көзіндегі күзет те, тексерушілер де байқамапты. Ұлттық тестілеу орталығының мамандары ерекше шпаргалкалардың бейресми тізімін жасап, бірінші орынды әлгі оқушыға беріпті.

Ұлттық тестілеу орталығының мамандары оқушылардың өнертапқыштық қабілетінің артып келе

жатқанын айтады. Орталық қызметкерлері ерекше шпаргалканың авторына техникалық бағытта білім алуға кеңес беріп отыр. Бүгін қара судың құтысына химияны сыйдырса, ертең басқа жаңалық ашатынына сенген

сияқты. Ол да мүмкін. Өйткені бүгінгі күн - ғылым мен техниканың заманы. Ойы ұшқыр, тапқыр жастар жаңа заманның ғылымына, жаңалық ашуға ауадай қажет.

Алматылық тағы бір мектеп бітіруші тарих пәнінен келген түсініксіз сұрақтың жауабын таба алмады. «Алтын белгі» иегері «Жұл әулетінің тарихы» туралы еңбекте қандай қаңтылардың байланысы айтылды?» деген сұрақ келіпті. Мұндай сұрақтың жауабын оқушы да, тіпті оның ұстазы да таба алмаған. Түсініксіз сұрақтан мүдірген қыз грантка іліне алмады. Биыл ең көп балл алған оқушы тағы да Алматыда тіркелді. Шиара Құдайбергенова 140 балл жинап, ҰБТ-ның көшін бастап тұр. Толық балл жинаудың құпиясымен бөліскен қыз «Жауапты жаттап алудың қажеті жоқ. Оқулықтағы әр сұраққа зейін қойып, зер салып оқу керек» - дегі. Жыл сайын шекті балды бір емес, бірнеше түлек алатын. Биыл бір оқушы ғана тіркелді. Мұндай жағдайды мамандар ҰБТ сұрақтарының бір жүйеге келуімен түсіндірді.

Жарас ШӨКЕ

«ЗЕР САЛЫП, ЗЕЙІН ҚОЙЫП ОҚУ КЕРЕК»



КЕЛБЕТ

БАУЫРЖАН ӘЛЕМІНІҢ ЖЫРШЫСЫ



Бауыржан батыр ұзақ жылдар тонның ішкі бауындай араласып, туған баласындай болып кеткен Мамытбекпен де ешкімге айтаған жан сырымен бөліскені даусыз. Сондықтан Мәкеңнің қолында да ашық айтуға әзірше мезгілі туа қоймаған әңгімелер баршылық сияқты. Алайда «Бауыржанның әрбір сөзі, біз қаласақ та, қаламасақ та, жалпыұлттық мәдениетіміздің бір бөлшегі» деп Дм.Снегин айтатындай, Баукеңнің қасында көп жүрген Мамытбек Қадыбайұлының қаны сорғалаған шындықты қалайда бүгіп қалмауға ұмтылатынын көріп жүрміз.

(Толығырақ 11-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

77,40



DOLLAR

340,44



EURO

396,31



РУБЛЬ

5,38

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 2-бетте)



168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БИЛІК

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Шығыс Қазақстан облысына сапармен барды. Елбасы №1 Өскемен қалалық ауруханасында болып, онда еліміздегі тұңғыш роботтандырылған хирургия орталығының жұмысымен танысты. Облыста цифрландыру ісі медицинаға да дендеп енуде. Орталықты аралау барысында мемлекет басшысына дәрігерлер заманауи операциялық-цифрлық кешеннің жұмысы мен оның даму перспективалары жөнінде баяндады.

Сонымен қатар Елбасы телекөпір арқылы ШҚО-ның Аягөз және Зырян аудандарындағы инсультті емдеу орталықтардың мамандарымен әңгімелесті. Елбасы шалғай елді мекендерде медициналық орталық салу мақсатымен

болуы ананың денсаулығына тікелей тәуелді болатынын ескертті.

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласындағы роботтандырылған хирургия жүйелерінің тиімділігіне арнайы тоқталды. Осыған орай медицина саласындағы кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз етудің



РОБОТ ОТА ЖАСАЙДЫ

Мыннан астам адамды жұмыспен қамтып отырған аурухана соңғы 2-3 жылда материалдық-техникалық жабдықталу жағынан үлкен өзгерістерді басынан кешірді. Соның ең елеулісі — осы роботтандырылған ота орталығы. Оның жұмысын жүргізу үшін 4 маман іріктеліп, Италия мен Алманиядан қосымша білім алып, біліктілігін арттырып келген.

Ота жасаушы роботты іске қосып, жергілікті мамандарды үйретуге Италиядан Стефано Джидаро есімді профессор шақыртылыпты. Наурыз айынан бері шетелдік мамандар Өскеменде жұмыс істеп жатыр. Оның басқаруымен «оташы робот» 36 науқастың алғысына бөленіп үлгеріпті. Жуырда ғана бұл ауруханада әлемде тұңғыш рет бүйректі алып тастау отасын робот атқарған. Келешекте роботтың көмегімен жылына 500 ота жасау көзделіп отыр.

мемлекет тарапынан атқарылып жатқан жұмыстың нәтижесіне тоқталды. Жүрек-қан тамыры ауруларын емдеу сапасын жақсартудың және бала мен ана өлімінің алдын алудың маңыздылығын атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әрбір облысында жүрек-қан тамыры ауруларынан қайтыс болатындардың санын азайту мақсатымен жүрекке ота жасайтын медициналық орталықтар салынды. Қазіргі уақытта өлім-жітім көрсеткішін төмендете алдық», — деп атап өтті. Сонымен бірге, Елбасы саламатты өмір салтын насихаттау арқылы әртүрлі аурулардың алдын алу қажеттігіне тоқталды. Мемлекет басшысы өз сөзінде біздің денсаулығымыздың 10-15 пайызы ғана дәрігерлер мен медицинаға, қалғаны өзіміздің өмір сүру салтымызға байланысты екенін, болашақ нәрестенің сау-саламатты

қажеттігін де атап өтті. Бұл Елбасының биылғы Жолдауында атап өткен адами капитал сапасын жақсарту болып табылады.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов мұндай роботтандырылған орталық Қазақстанның өзге өңірлерінде жоқ екенін жеткізді. Ол осы кешеннің арқасында Өскеменде медициналық туризм қарыштап дамиды деген пікірде. Ал облыс әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова өңірдегі медицина мекемелерін заманауи материалдық базамен қамту үшін 2020 жылға дейін 23,4 млрд теңге бөлінетінін айтты. Ол өңірдегі барлық медициналық мекемелердің жабдықталуына терең талдау жасағанын, сол талдау арқылы бұл салаға 23,4 млрд теңгенің жабдығын сатып алу қажеттігінің туғанын айтты. Ә.Нүсіпованың айтуынша, 2019 жылдың аяғына дейін осы қажеттілікті 100 пайызға қамту жоспары бар. Мамандарды шетелдің үздік медицина орталықтарына жіберіп, біліктілігін арттыру да көзделген. Өңірлік бағдарлама аясында 3 жылда 173 маман ұзақ мерзімді оқу курстарына жіберіледі.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

78

құндыз ішіктерді шекарадан алып өтуге тырысты

3

миллион доллар. Қытай Астанаға құны осынша болатын «алтын көпір» монументін салып бермекші

600

Талдықорғанда салықтан қашып жүрген осынша кәсіпкердің есепшоты бұғатталды

Серіктестік

Азиядағы өзара ықпалдастық сенім мен шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) қызметін одан әрі дамыту аса маңызды міндет болып табылады. Қазақстан сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов осылай деп мәлімдеді.

ӨЗАРА СЕНІМ



Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, Қ.Әбдірахманов Астанада АӨСШК мәселелері бойынша Арнайы топтың жетекшісі Гу Зыпинді қабылдады. Министр жүздесуде Қытайдың АӨСШК төрағасы (2014-2018 жылдар) қызметін жоғары бағалады. Тараптар осы Форумдағы төрағалық тізгінді Тәжікстанға беру, Кеңестің бесінші Саммитін өткізу мәселелерін, сондай-ақ АӨСШК процесін одан әрі дамыту жайын талқылады. Сыртқы саяси мекемесінің жетекшісі Кеңестегі ынтымақтастықтың барлық бес

өлшемі бойынша — әскери-саяси, экономикалық, адами, экологиялық өлшемдер және жана сын-тегеурін мен қауіп-қатер бойынша іс жүзіндегі ықпалдастықты нығайтудың манызын атап өтті.

АӨСШК шақыру туралы тұңғыш бастаманы Қазақстан Президенті Н.Назарбаев 1992 жылғы 5 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында ұсынды. Бұл бастаманың негізгі мақсаты — Азияда бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тиімді құрылымды қалыптастыру.

Стратегия

Кіндік Азиядағы Төртінші өнеркәсіптік революциясы орталығын Қазақстандағы «Астана» Халықаралық қаржы орталығының негізінде құру қажет. Әлемге танымал экономистер осындай пікірді ортаға тастады.

Жуырда «Астана» Халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетов Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) негізін қалаушы һәм төрағасы Клаус Швабпен Женевада кездесті.

Кездесу барысында Қайрат Келімбетов Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық деңгейдегі қызметінің маңызына тоқталды. Сондай-ақ Қазақстанның осы ұйыммен әрмен қарай ынтымақтастығын дамытуға мүдделі екенін жеткізді. Әрмен қарай ол «Астана» Халықаралық қаржы орталығының стратегиялық бағыттары туралы әңгімелеп, бұл орталықтың құрылуы Қазақстан экономикасын әртараптандыруға бағытталған құрылымдық реформалардың бір бөлігі екендігін айтты. Осы қаржы орталығы елде

жасалады. Қайрат Келімбетовтың айтуынша, қазір арнайы заң әзірленіп жатыр. Мұндай заң трейдерлерге қаржы операцияларын еркін жүргізуге жағдай жасайды. Жыл соңына дейін блокчейн саласына инвестиция тартуға арналған жүйенің тұсаукесерін өткізу жоспарланды.

Айта кеткен жөн, халықаралық қаржы орталығының ресми ашылуы 5 шілдеде өткізілмек. Қайрат Келімбетовтың айтуынша, АХҚО биржасы отандық және шетелдік брокерлік компаниялармен сауда операцияларын жүргізуге сакадай-сай.

— Биржаны іске қосу маңызды екі мәселемен байланысты. Олар — «Самұрық-Қазына» қоры ұлттық компанияларын жекешелендіруді бастау, сондай-ақ ішкі қарызды дамыту

«АХҚО: ДИВЕРСИФИКАЦИЯ – ИНВЕСТИЦИЯ – ИНТЕГРАЦИЯ

қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастырып, бизнестің халықаралық стандарттарын интеграциялауға бағытталап отыр.

Өз кезегінде ДЭФ атқарушы төрағасы ұйымның Қазақстанмен өзара ынтымақтастығына зор мән беретінін атап көрсетті. Сондай-ақ профессор К.Шваб еліміздің Орталық Азиядағы көшбасшылық рөліне тоқталды.

Ол осы аймақта Төртінші өнеркәсіптік революциясы орталығын «Астана» ХҚО базасында құруды ұсынды. Сан-Францискодағы Дүниежүзілік экономикалық форумның мұндай орталығы жаңа технологиялар, жасанды интеллект, блокчейн-технология және өзге де заманауи технологиялармен жұмыс істеп отыр. К.Швабтың пікірінше, Орталық Азияда осы секілді орталық жұмыс істесе, құрылқтарды, озық тәжірибелерді бір арнаға тоғыстырып, басты идеяларды жаһандық деңгейде алға жылжытуға мүмкіндік туындайды.

«Астана» Халықаралық қаржы орталығында криптовалютаға инвестиция құю үшін барлық жағдай

бойынша бағдарламаны жүзеге асыру. Бұл тәуелсіз бандтарды, қаржы министрлігінің облигацияларын ұлттық валютамен шығару. Сондай-ақ тұңғыш ислам тәуелсіз облигациялары шығарылады, — деді Қайрат Келімбетов.

«Астана» Халықаралық қаржы орталығын құру



жөніндегі Конституциялық заңға 2015 жылдың желтоқсанында Президент Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған болатын. Айрықша салық, валюта және визалық режимі бар бұл қаржы орталығы экономикаға инвестиция тартуға септігін тигізбек. Осылайша АХҚО Елбасының биылғы Жолдауында айтылған басты міндет — Төртінші өнеркәсіптік революцияны жүзеге асыруға сүбелі үлесін қосады.

Талап ТІЛЕГЕН

Қызықстан қызықтары



ЖЕЛГЕ ҰШҚАН МИЛЛИОНДАР

Алматылық жас жігіт Ресейде өтіп жатқан әлем чемпионатына тіккен 2,5 миллион теңгесінен айырылып қалды. Ол Аргентина мен Хорватия кездесуінде әйгілі Лионел Мессидің командасы жеңіске жетеді деп бәс тіккен. Ұтқан жағдайда ол 4,45 миллион теңге пайда көретін еді. Алайда Аргентина құрамасы 0:3 есебімен ұтылып қалды.

7 сөз

Сегіз мыңнан астам оқушы ҰБТ тапсыра алмады

БАҚ

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен байланыс саласы қызметкерлері мемлекетіміздің гүлденуі жолында аянбай қызмет етуде. Еліміздің ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев журналистер, байланысшылар және пошта қызметкерлерінің еңбегіне жоғары баға берді.

Кеше бірқатар хабар-ошар құралдарында жарияланған министрдің құттықтауында былай делінген.

«Құрметті әріптестер! Сіздерді бүгінгі байланыс және ақпарат саласының қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Республикалық, аймақтық, аудандық басылымдар, телеарна мамандары және байланысшылар мен пошта қызметкерлері ел игілігін арттыруға үлкен үлес қосып отыр. Біздің еліміздегі ғана емес



дүниежүзіндегі оқиғалардан анық ақпарат алатын мүмкіндігіміз бар. Ол ең алдымен Сіздердің еңбектеріңіздің оң нәтижесі».

Д.Абаев еліміздегі барлық жазарман қауымға шығармашылық табыс тіледі.

ТӘРТІ

ТӨМЕНДЕР

СҚО-да. Целинный ауылдық округінің әкімі Ақан Қойшыбаев мас болып, көшеде ұйықтап қалғаны үшін жұмысынан босатылады.

ШҚО-да. Риддер қаласы әкімінің орынбасары Бауыржан Құрманбаев мас күйінде көлік жүргізіп, 19 жастағы жігіті қағып өлтіргені үшін марқұмның жақындарынан көшірім сұрады.



Сыр-сұхбат

(Басы 1-бетте)

Ал біздің елде онсыз да баспасөз мемлекеттің мүддесі үшін қызмет қылады. Елдің жоғын жоқтайды, ұлттың сөзін сөйлейді. Өйткені бұл біздің мемлекетіміз. Сондықтан еліне, отанына қызмет ету — әрбір азаматтың борышы. Біліммен, мінезбен, сөзбен, іспен қызмет еткен абзал.

Кейбіреулер анау биліктің басылымы болған соң, биліктің сөзін сөйлейді деп айтады. Олай емес, Қазақстанда санаулы ғана ұлттық, дәстүрлі басылым бар. Ол — сіздердің «Жас қазақ», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Айқын», «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан» газеттері. Бұлардың бәрі елдің сөзін, ұлттың, мемлекеттің сөзін сөйлеп отыр ғой. Мемлекетке жау емес қой. Сондықтан, мемлекет баспасөз өкілдерінің бәрін мемлекеттік қызметкер қылуға, бәрін қарамағына алуға, бөріне бірдей жағдай жасауға міндетті емес.

Жас қазақ: Қазір не көп: журналистика факультеттері көп. Одан жыл сайын бітіріп жатқан студенттердің санында шек жоқ. Осы көптік журналистердің кәсібилігін, қазақ журналистикасының деңгейін түсіріп жатқан жоқ па?

Қ.Сәрсенбай: Қазір «жұлдызды мамандықтар» деген пайда болды. Оның бірі — әншілер, екіншісі — журналистер. «Әу» дейтіннің бәрі әнші, қолына қалам ұстағанның бәрі журналист болып алды. Қоғамда сұранысқа ие мамандықтар болады. Жұрт соған ұмтылады. Бойында

Қали СӘРСЕНБАЙ,
«Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторы:


ЖАЗЫП ТҰРМАСА, «МЕН» ДЕГЕН ЖУРНАЛИСТІҢ ӨЗІ ТОҚЫРАЙДЫ

талант бар ма, жоқ па, онымен санаспайды. Әсілі, журналист болу, бірдеме жаза білу — Алладан берілетін қасиет. Журналистің бойында жазуға бейімділік болмаса, оны шыңдамаса, одан тұқ шықпайды. «Мен-мен» деген мықты жорналшылардың өзі жазып тұрмаса, бір күні тоқырайды. Оқу тоқтаған жерде, ой да тоқтайды дейді ғой. Сондықтан, журналист болған адам жазса білумен бірге, іздене білу керек.

Ал қазір жазуы жоқтар журналист. Дауысы жоқтар әнші. Бұл қоғамның дергі. Оны ешкім емдей алмайды. Журналист пен әнші болу сөнге айналған. Біз үшін кастерлі де қымбат журналистиканың қадірі қашып жатқан шақта баспасөз бөспесөзге айналып кетпесе екен...

ІАГЕРІДЕГІ
ЖУРНАЛИСТИКА ІРІ ЕДІ

Жас қазақ: Қадірсіз мамандыққа айналды дейсіз ғой.
Қ.Сәрсенбай: Кезінде журналистиканы оқытатын 2 факультет болды. Бірі қазіргі ҚазҰУ-дың журфағы, екіншісі Қарағандыда, КарГУ-де болды. Ол кездегі журналистика ірі еді, сөзі тірі еді. Қадірлі мамандық еді. Қазір журналистиканың қадірі жоқ. Кім көрінген журналист. Кәсібилік жоқ. Мәселен, сұхбат берген адамның



сөзімен ғана хабар жасайтын тілшілер бар. Олар өз жанынан бір сөз қоспайды. Анығы, сөз қосуға шамасы келмейді.

Бұрын бір журналистика факультеті университеттің ішіндегі университет болатын. Зейнолла Каболов, Темірбек Қожакеевтер қандай еді, шіркін! Олардың лекциясына басқа оқу орындарынан

студенттер келіп қатысатын. Ол ұстаздар шәкірттерінің мақаласы газетке шыкса, соны талдап, студентті көтермелеп, бізге қанат бітіруші еді. Қазір оның бірі жоқ-ау деп ойлаймын.

Біз оқыған кезде «Мамандыққа кіріспе» деген пән болды. Сол пәннің студентке берері мол еді. Аудиторияға тәжірибелі бір журналисті алып келіп, әңгімесін тыңдататын. Бізге Тауман Амандосовтың лекциясында Әзілхан Нұршайықов келді. Әз-ағам соғыста, окопта жатып жазған оқ тескен блокноттарын алып келіпті. Өуезовке хат жазыпты. Соның бәрін көрсетіп, журналистік тәжірибесінен мол әңгіме айтты. Әлі есімде. Біз сонда ғана түсінгенбіз қандай мамандыққа түскенімізді.

Жас қазақ: Сол өзіңіз бітірген журфактың студенттері сізге де келіп тұратын шығар?

Қ.Сәрсенбай: Иә, осында «Алматы ақшамынан» іс-тәжірибеден өтуге журфактың студенттері көп келеді. Баяғы ағаларымыздан көрген дәстүр ғой біздікі. Әлгі балаларды кеңсемен шақырып алып, әңгіме айтып тұрамын. Бір жолы Оралхан Бөкей туралы естелік айтып жатырмын. Кезінде мені жұмысқа шақырғанын, ұстазымыз болғаны туралы әңгімеледім. Сөйтіп әңгімелеп жатсам, бір бала «Оралхан ағаның ұялы телефон нөмірін бере аласыз ба?» дейді. Осыдан кейін не айтасыз? Міне, бүгінгі журналист болғалы жүрген жастардың кейбірінін деңгейі.

Біз баяғыда редакциядан шықпайтынбыз. 1-2-курстарда аудандық газеттерге жіберетін. 3-курстан бастап журналистік шеберлік деген пән жүретін. Ол — журналист болатын жастың деңгейін

мәре-сәре болып жататын. Қазір қалай екенін білмеймін. Бірақ жас буын мен аға буын арасындағы алтын тамыр үзіліп қалғандай көрінеді маған.

Ғабит Мүсіреповтың «Ай мен күн айкайламай-ақ шығады» деген сөзі бар. Құдай талант берсе, еңбектенген адам бір жерді жарып шығады. Оған жол көрсетіп, бағыт-бағдар берсең ғана болды. Мен кезінде «Парасат» журналында редактордың орынбасары болдым. Сол жылдары Әмірхан Балқыбек, Жарас Сәрсектер менің қарамағымда жұмыс істеді. «Жас Алашта» орынбасар болғанымда Айгүл Аханбайқызы, Роза Қараева, Гүлзат Нұрмолда, Гүлнар Жұмабайқызы, Дәурен Қуат, Сәкен Сыбанбай сияқты қыз-жігіттер бар еді. Жол көрсеттік. «Алматы ақшамына» келгеннен бергі жиырма шақты жылда мұнда қаламы



құрады» деп жатыр ғой. Ғылым-техника, технологияның жаңалығына тосқауыл қоя алмайсын. Бірақ кез келген жаңалықтың екі жағы болады: бірі — жақсы, бірі — жаман. Бұл да сол сияқты. Ғаламтор пайда болып, ақпаратқа қол жету оңай болғанымен, оның екінші жаман жағы тағы бар.

Мәселен, қытайлар дағдарысты мүмкіндік және қауіп деп қарастырады екен. Қауіпті екені екі бастан белгілі. Бұлар мүмкіндік жағын көбірек қаузаыды. «Қағаз газеттердің көзін

құрту керек» деп жоқ жерден үнем жасап жатқандардікі жай сөз. Есептеп қараңызшы, сол газет-журналға не ақша кетеді? Түк те кетпейді ғой. Бір газетке кеткен бір айлық шығын — бір олигархтың үш күндік түскі асы.

Жапонның «Иомиури», Қытайдың «Жэнминь Жибао» деген біздің «Егемен Қазақстан» сияқты

қайралған, алмастай өткір журналистер көп шықты. Думан Анаш, Ержан Байтілес, Әсия Бағдәулетқызы — бәрі осы басылымда шыңдалды. Мен жиналыста ешқашан олардың тәртібін қарап, мазасын алмаймын. Шығармашылық адамына ондай ұстаным жүрмейді. Шығармашылық адамы қай жағынан болса да еркін болуы керек.

Біздің жиналыс — әңгіме айту. Бір сағат әңгіме айтсақ, бір-екі айға азық болады.

Жас қазақ: Әңгіме жас журналистер туралы болып жатыр ғой. Телеарналарда халықтың көз алдында жүрген жас тілшілердің тіл қолданысына, сөйлем құрауына көңіліңіз тола ма?

Қ.Сәрсенбай: Тілді қалыптастыратын орта. Әуелі ата-ана, ауыл, мектеп, университет жастардың тілін қалыптастыратын, түзейтін орта. Журфакта әдеби өңдеу деген пән болатын. Сол пәнде цифрды сөйлету дегенге дейін оқытатын. Бір мақаланы өңдеп, қырнап, құнттай қылып шығаратынбыз. Оны оқысаңыз, артық сөйлемсеу, артық жазбау дегеннің бәрін біліп шығасыз. Сөзбен жұмыс істеуді меңгересіз. Ал қазір мақала түгілі, ақпаратты өңдей алмайтын жастар бар. Қалай берсең, ертесі солай алып келеді.

Телеарналарымыз сенсация жасауға құмар. Бір жерде үй өрттесе, соны лапылдағып жібереді. Тіпті, тілшілер әлгі жерге өрт сөндіргіштерден бұрын жетеді. Ал «бір жерден Шәмінінң өні табылыпты» десе, редакторынан рұқсат сұрайды. Менің түсінігімше, ең бірінші планда ұлттың мәселесі, тілдің тағдыры тұруы керек. Базардың өртенуі күнделікті жаналық. Ал тілдің мәселесі — тұтас ұлттың ханды жері. Менеджер деген пайда болды. Ол мықты басшы, пысық ұйымдастырушы, ақша тапқыш болып келеді. Оған ұлттық мәселенің көк тиынға қажеті жоқ.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕН
НАДАҢДЫҚТЫҢ ИІСІ АҢҚИДЫ

Жас қазақ: Ғаламтор пайда болғалы журналистика жеңілдеп кеткен жоқ па? Мәселен, газет-журналдың орнын сайт ауыстырып, сол сайттарыңыздың орнын әлеуметтік желі басып бара жатқандай. Күндердің күнінде қазақ журналистикасының тілі блогердің тілімен өлшеніп, газет-журналдың орнын Фейсбук, Инстаграмм ауыстырмай ма?

Қ.Сәрсенбай: Ондай қауіп бар. Бұл мәселеде дұрыс реформа жүргізілмесе, түбі соған барады. Ал әлеуметтік желіде не айтылмайды? Арзан сөз,



мемлекеттік басылымдары бар. Ол газеттер күніне бірнеше миллион тиражбен шығады. Шығын деп солар айтса, айтар еді ғой. Шетелге барсаңыз, танертен бөлменізге есігіңіздің астынан астан бұрын газет келіп тұрады. Сондықтан электронды дүниелер қағазды айырбастай алмайды. Газетті қолға ұстап, иісін сезініп, астын сызып отырып оқудың адамға беретін пайдасы мол. Ал компьютердің алдына жарты сағат отыру қиын, кісіні шаршатып жіберді. Оның үстіне, интернетті қарап отыруға қазақтың бәрі қабілетті емес. Ауыл-аймаққа сол интернетіңіз әлі толық жете қойған жоқ. Екі үйдін бірінен ғаламторға қосылған компьютер табу бес-он жылда бола қоятын дүние емес. Тілді бұзатын бір фактор — электронды ақпарат. Ал телеарнада тіл деген атымен жоқ. Тіпті оны талқылап жатудың өзі артық әңгіме.

Жас қазақ: Неге? Бізге керегі осы сұрақ еді, Қали аға?

Қ.Сәрсенбай: Телеарналар күндіз-түні әншілердің өмірін көрсетеді де жатады. Ұлтқа қатысы жоқ қайдағы-жайдағы дүниені жарнамалайды. Бір әншінің үйелі туралы, бір әртістің иті туралы хабар эфирді жаулап алды. Өткенде бір сары ауыз әнші өз өмірі туралы кино түсіріп жатыр екен. Ол

не сұмдық? Отызға толмаған адамда не өмір? Кейбіреулер бала-шағасымен әнші болып кетті. Қазақ «Ұялмаған әнші болады» деп, өнердің қадірі қашып бара жатқанын біліп айтқан екен ғой. Өнердің де, сөздің де қадірі қашты.

РЕЙТИНГ ҚОЛДАН
ЖАСАЛАДЫ

Жас қазақ: Осының алдындағы сұрақта электронды баспасөз туралы айтып едіңіз. Қазір сол электронды баспасөзіңіз рейтингке байланып қалды. Рейтинг үшін жоқтан бар жасап, қара аспанды төндіріп жатады. Сөз бен істің, әр мен ұяттың қадірін білетін қазақы ұғымға сайсак, қазақ баспасөзіне рейтингтің қажеті бар ма?

Қ.Сәрсенбай: Сол рейтингіңіз қолдан жасалады. Біреудің атын асқактату үшін немесе біреуді жерге кіргізу үшін рейтингке жол беріледі. Оның бәрі ақша. Ақшасыз саусағын қимылдатпайды ғой. Мәселен, сайттардағы рейтинг арзан тақырыптарды алаулатып-жалаулатумен өлшенеді. Қандай әдіс-айла болсын, ақпараттың көп қаралғаны маңызды. Мейлі, ол қоғамға қажетсіз дүние болсын, мейлі, жастардың тәрбиесін бұзатын жаңалық болсын, рейтинг құған тілші мен редакторға бәрібір. Онымен санасып жатқан ешкім жоқ.

Бұрын әдеби сын деген болатын. Мүйізі қарағайдай сыншылар бар еді. Әдебиеттегі талай қаламгердің бағын ашты. Талай жазушыға жол көрсетті. Қазір сол сыншылар жоқ. Жол көрсететін, жөн сілтейтін пенде қалмаған соң, кімнің аузына қақпақ боласын? Арзан сөз, өсек-аян желдей есіп тұр.

Кино түсірілсе, жарнамасына ақшасы төленсе болды, әлгі фильмнің атын айға шығаралы. Бұрын олай емес еді. Кино да үлкен талғаммен түсірілетін.

Жас қазақ: «Қыз Жібек», «Менің атым Қожа» фильмдері жарнаманы, рейтингті қажет етпейтін көркем дүниелер ғой.

Қ.Сәрсенбай: Иә, сол «Қыз Жібекке» қазақтың бүкіл элитасы жұмыс істеді. Фильм көп сериялы болып кетіпті. Соғыс көріністерінің керемет болғаны соншалық, көрген адамның рухын оятатындай рухты, әсерлі, көркем болған. Мәскеуде толық нұсқасы сақталған болу керек. Соның бәрін әкесін танытып тұрып кесіп-кесіп тастаған ғой. Солай деп Асанәлі ағам айтады. Соның өзінде «Қыз Жібек» тарихта қалатын көркем фильм болды. Ал қазір тізгінімізді тартып отыратын Мәскеу жоқ. Барлық мүмкіндік бар: техника,


Әңгімелескен
Жарас КЕМЕЛЖАН

Сұхбат

Еліміздің еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек нарығын бағалау, еңбекпен қамту және жеткізу туралы болжамды жүзеге асырады. Ал ұлттық кәсіпкерлер палатасы жұмыс берушілермен сұхбат жүргізуді ұйымдастыруға қатысты. 2017 жылы 200-ден астам қызметкері бар 1021 ірі кәсіпорынға сауалнама жүргізілді. Соның нәтижесінде 2021 жылға дейінгі қажетті, жоғары сұранысқа ие мамандықтар анықталды. Бір қызығы, сауалнама қорытындысы бойынша, біліктілігі төмен, дипломды аса қажет етпейтін мамандықтарға сұраныс жоғары. Ауыл шаруашылығы саласында тракторшы, дөңкерлеуші сынды мамандықтар да аса қат. Біз отандық еңбек нарығындағы ахуал мен кадр даярлау жайында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Абылай Мырзахметовпен сұхбаттастық.

— Абылай Исабекұлы, заман ағымына сай маман даярламай отырған колледждерді нақты көрсетіп, атын атап бере аласыздар ма? «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы бұл мәселені шешу үшін қандай жол ұсынып отыр?

— Қазір республика бойынша 824 колледж бар. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы оның нақты қаншасы заманға сай маман дайындамай отырғандығын айта алмайды. Өйткені біз колледждің рейтингін жасаған жоқпыз. Қандай да бір зерттеу жұмысын жүргізбедік. Дегенмен Түркістан облысы Сарыағаш ауданында 4 колледж бар. Біздің өңірлік кәсіпкерлер палатасы колледждің есебін алды. Онда қай студенттің қандай жұмысқа орналасқаны туралы анықтама болды. Сол бойынша біздің мамандар студенттерге жеке-жеке хабарласты. Сол кезде колледж бітірген біраз студенттердің жұмыссыз жүргені анықталды. Дегенмен сол колледждерге қарап, еліміздегі барлық білім ордаларына баға беруге болмайды. Негізі біз жұмыс берушілермен сөйлескенімізде, олар колледж, жоғары оқу орнын бітіріп келген студенттер



— Жок олай деп айтуға болмайды. Дуалды оқыту жүйесінің ең басты артықшылығы студент оқып жүріп, тәжірибеден өтеді. Бұрын студент тек қана теорияны оқитын. Тәжірибеден өтпейтін. Ал қазір оқуын тәжірибемен ұштастыратын болады. Бұрын ол құрылғылармен жұмыс істеп көрген жоқ, қалай жұмыс істеп кетеді дегеніңіз орынды. Қазір 2014 жылдан бастап дуалды оқыту жүйесі іске қосылып, студенттер осы жүйе арқылы білім алуа.

— Жамбыл облысында осындай оқу орындарының көп екенін білемін. Қазіргі сіздердің көтеріп отырған мәселе осы оқу орындарын дамытуға бағытталған ба? Бұл оқу орындары тиімді ме, әлде тиімсіз бе?

— Колледждер мамандарды даярлаған кезде қазіргі нарықтағы сұранысқа сай мамандарды даярлау керек. Қазір кейбір мамандықтар ескіріп жатыр. Мысалы, «швейцар» мамандығы. Бұл мамандық қазір жоқ. Ал кейбір колледждер осы сынды мамандықтарды оқытып жатыр. Колледж нарықта қандай мамандық сұранысқа ие, соған қарай икемделуі керек.

— Ал қазір нарықта қандай мамандықтар сұранысқа ие? Сіздер осыған талдау жүргізіп көрдіңіздер ме?

Абылай МЫРЗАХМЕТОВ:

СҰРАНЫСҚА САЙ МАМАН ҚАЖЕТ



жұмысқа дайын болмай келетінін айтады. Себебі колледждердегі техникалар қазіргі өндіріс орындарында тұрған қондырғыларға сай емес. Жұмысқа келген маман соның тілін меңгергенше біраз уақыт жұмсайды. Оларды бұл салаға қайтадан оқытып, бейімдеу үшін де уақыт керек. Ал колледждерді ондай техникамен жабдықтау біраз қаржыны талап етеді. Жеке меншік колледждер мұндай мәселемен бас қатырмас үшін техникалық мамандарды емес, гуманитарлық саланың маманын даярлағанды жөн санайды.

— Сонда сіздің ойыңызша, мәселе студентте емес, мамандық даярлайтын оқу орнында болып тұр ғой...

— Әрине. Егер білім ошағының материалдық-техникалық базасы сай болмаса, тиісті деңгейде білім алып шықпайды. Теория бар, тәжірибе жоқ. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы 2016–2017 жылдары мемлекеттік білім стандартына өзгеріс енгізуді ұсынды. Мәселен, бұған дейін 40 пайызы тәжірибеге жұмсалса, қазір 60 пайызы тәжірибемен ұштастырылады. Сондай-ақ қазір жұмыс беруші колледж басшыларымен бірлесіп отырып, қандай маман керек екенін өзара талқылай алады. Осы арқылы нақты жұмыс табылады. Біз 2014 жылдан бері білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, дуалды білім беру жүйесін енгізіп жатырмыз. Оны неге енгізіп жатырмыз? Өйткені студент оқып жүріп, өндіріс орындарында тәжірибеден өтеді. Кәсіпорында қалай жұмыс істеу керектігін үйренеді. Бұл жұмыс берушіге де тиімді.

— Колледж студенті білімін жоғары оқу орнында шындайды. Сол себепті одан даяр маман шықпайды деп бас қатыру қаншалықты орынды?

— Иә, дұрыс айтасыз. Бірақ бәрі бірдей жоғары оқу орнын жалғастыра бермейді. Жұмысшы мамандықтарға университетке түсудің қажеті шамалы. Сантехник болу үшін жоғары білім қажет емес.

— Бұрын СПТУ деген болушы еді.

— Сол ғой. Тек қазір олар колледж деп аталады.

— Түсінікті. Мемлекеттен арнайы кәсіби маман даярлау үшін ақша бөлінеді. Студенттер ай сайын стипендиясын алып отыр. Мәселен, дөңкерші мамандығын алып шыққан студент мамандығы бойынша жұмыс таппайды. Даяшы болып жүр. Солай ма?

мүмкіндік беріп отырмыз. Міне, бізді осы сынды сұрақтар мазалайды. Тағы бір ұсыныс колледж бітіргендердің қаншасы жұмысқа орналасқанын білумен байланысты. Анализ, болмаса талдау жасалу керек. Белгілі бір нәтижесін анықтаған дұрыс. Оны біз қалай анықтамақпыз. Колледж бітірген маман бір жылдық зейнетақы қаржысы аударылып

жатқандығы туралы мәліметті көрсетуі қажет. Алайда біз оның нақты өз мамандығы бойынша жұмыс істеп жатыр ма, ол жағын біле алмаймыз. Өйткені зейнетақы қоры ол



— Қазіргі ЖОО жағдайы қалай болып жатыр. Жұмысшы мамандығына тегін берілетін ТИПО бағдарламасының нәтижесі қандай?

— Егер біз бүкіл республика бойынша барлық ЖОО-ны тексеретін болсақ, бағдарламалада тек оқыту бар. Ал жұмысқа орналастыру жағы көрсетілмеген. Сондықтан да бұған ешкім де жауап бере алмайды. Біздің көтеріп отырған мәселеміз де осы. Маман даярлайсыздар. Ал оның нәтижесі қайда?

Егер сіз өз мамандығыңызды ұнатпасаңыз, ол да қиын. Кейбір салада жұмыс бар. Бірақ сол жұмысты істейтін маман жоқ. Сондай-ақ қысқа мерзімде оқылатын мамандықтар бар. Жұмысшы, даяшы, дөңкерлеуші, құрылысшы деген сияқты. Тіпті өзі жеке бизнесін әрі қарай ашып кетуіне мүмкіндік беретін мамандық бар. Тегін білім алумен қатар, шәкіртақы да алады. Сонымен қатар «Бастау» деп аталатын бағдарлама жайында айтқым келеді. Оның мақсаты — кәсіпке үйрету. Бұл бағдарлама көбіне аудан орталықтарында жүргізіледі. Алдымен кәсіпкерлікті үйренеді. Бітірген соң несие алып, өзінің кәсібін ашып әрі қарай жұмыс істеуге дағдыланады. Бұл мүмкіндікті пайдаланатындар да бар. Еліміздегі 14 облыстың 80-нен астам ауданы осы бағдарлама бойынша білім алуа. 12 575 адам «Бастауды» бітірді, 6120 облыстық комиссия алдында өз жобаларын қорғап, несие алған. Оған жұмысқа орналасу қажет емес.

— Әлбетте, сұранысқа ие мамандықты анықтау керек-ақ. Бұған «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы өз үлесін қосып жатқан сияқты ғой?

— Жұмыс беруші мен ЖОО арасында

туралы мәліметті бере алмайды. Дегенмен де ол жұмыскер бір жыл бойғы аралықта қандай да бір жұмыспен қамтылды деген сөз. Көбінесе колледждер жұмыс істеп жатқандығын растайтын құжат көрсетумен шектеледі. Ал ол құжатты қазір кез келген жерден алуға болады. Сондықтан ол нақты анализдің көрсеткіші бола алмайды. Біздің айтып отырған мәселеміз, егер де бір жыл ішінде оның зейнетақы төлемі жүріп тұрса, ол сұранысқа ие мамандығы бойынша жұмыс істеп отыр деген сөз. ЖОО рейтингісі оның түлектерінің сұранысқа ие маман иесі болып, жұмысқа орналасуымен өлшенеді. Мамандық таңдауда бағыт-бағдарды дұрыс беруіміз керек. Бала мектеп кезінен бастап мамандығын таңдап қояды. Алайда ертең сол мамандықпен жұмыс таба ала ма, ол жағын да ойлану керек. Бұл тек жеке бастың мәселесі емес. Бұл мемлекеттің де мәселесі. Баланы жастайынан бір салаға икемдеу керек. Қарапайым қазақтың балалары мамандық алып, жұмыс істеуі тиіс. Сондықтан жұмысшы мамандығының дәрежесін көтеруіміз керек. Әрбір адам мамандығын саналы түрде таңдағаны дұрыс. Сондықтан таңдаған мамандықтың дәрежесін дұрыс түсіну қажет. Мысалы, Германияда қандай да бір мамандықты таңдағанда, алдымен баласын сол салаға алып барып таныстырады. Міне, егер де сен аспаз боламын десен, осындай жұмыстарды атқарасың деп алдын ала көрсетеді. Басқа сала бойынша да солай.

ешқандай байланыс жоқ екенін айттым. Қазір нарыққа қажетті маман даярлайтын ЖОО рейтингісі анықталып жатыр. Ол оқу бағдарламасына қарай қарастырылады. Қазіргі таңда ақпараттық жүйе мамандығы зерттеліп, нәтижесі шыққан болатын. Ол бойынша осы оқу бағдарламасы қазіргі нарыққа керек емес. IT күн сайын өзгеріп жатса, ЖОО әлі де ескі бағдарламамен оқытуда. Басқа дамыған мемлекеттерге қарағанда IT мамандығы артта қалған. Өйткені бұл мамандықты ескі әдістемемен дайындап жатыр. Ол үшін мамандарды тартуымыз керек. Сонымен қатар бағдарламаларды жаңарту керек. Осы сала мамандарын даярлайтын ұстаздардың да алатын жалақысы төмен. Сондықтан бұл мамандыққа ешкім келгісі келмейді. Айта кетейін, биылдан бастап сұранысқа ие мамандықтарға мемлекеттік грант көбірек бөлінеді.

Рейтинг — ата-ана мен бала үшін бағыт-бағдар. Жұмыс беруші тарапынан жасалған рейтинг жоқ. Біздің рейтингке қараған бала қай ЖОО-ға түсу керек, қай мамандық нарықтағы сұранысқа ие сол туралы болжамды мәлімет ала алады. Бағыт-бағдар көрсетіледі. Жұмыс берушіге де тиімді. Мемлекет үшін білім министрлігі біздің рейтингке қарап, жүйелі түрде білім грантын бөле алады. Рейтинг 2019–2020 жылы оқуды бітіретін түлектерге арнайы дайындалады.

Сұхбаттасқан
Елдос ӨМІРЗАҚ

Әуе жолы

Мәскеуде «Эйр Астана» әуе компаниясының басшылығы БАҚ өкілдерімен кездесу өткізді. Жиында халықаралық жолаушылар әуе тасымалының даму үдерісі мен жаңа бағыттары, ресейлік нарықтағы жұмыс нәтижесі мен болашағы туралы айтылды. Сондай-ақ компания президенті Питер Фостерге ТМД елдерінде жолаушы авиациясын дамытуға сіңірген еңбегі үшін «Керемет адамдардың өмірі» әлемдік қауымдастығының құрметті мүшесі» алтын белгісі табыс етілді.



«ЭЙР АСТАНА»: БАҒЫТ КӨБЕЙДІ

маусымның басынан Астанадан Түмен мен Қазан қалаларына қатынайтын бағыттар қосылды. Осылайша, «Эйр Астана» 10 бағыт бойынша ресейлік 7 қалаға тұрақты түрде әрі тікелей жолаушы тасымалдайды.

Ресей нарығында жұмыс істеген 16 жыл ішінде «Эйр Астана» 4,5 миллион жолаушы мен 24 мың тонна жүк тасымалдапты. 13 миллионнан аса жолаушы шақырымын ұшып өткен. Алғашқы 5 ай қорытындысында ресейлік бағыттар бойынша жолаушы орындардың орташа толымдылығы 67,25 пайызды құраған.

Әуетасымалдаушы ресейлік жолаушылар үшін Азия елдері, Таяу Шығыс, Кавказ елдеріне, ал сібірлік қалалардан келген жолаушылар үшін Еуропа мен Түркияға апаратын тиімді бағыт түйісін ұсынады. Сапары бір күннен асатын, Астана мен Алматыда бағыты түйісетін жолаушылар үшін 1 АҚШ доллары тұратын Stovover Holidays туристік пакетін ұсынады. Бұл пакетке алғашқы күні қонақ үйде бір түн түнеу мен әуежайдан қонақүйге апарып, алып келетін трансфер кіреді.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Өрлеу

Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын-да индустриаландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс екендігін атап көрсетті. Сондай-ақ осы Жолдауда басымдық берілген міндеттердің бірі – адами капитал. Жаңғыру негізі болғандықтан, адами капиталдың жаңа сапасы өзекті мәселеге айналғаны анық.

Жуырда Қарағанды облысы Балқаш қаласына барған сапарымызда осы міндеттердің жүзеге асып жатқанын өз көзімізбен көрудің сәті түсті.

Сапарымыз Балқаш қаласының тарихымен тамырлас Kazakhmys Smelting ЖШС-не тиесілі Балқаш мыс қорыту зауытынан басталды. 1938 жылы алғаш жұмысын бастаған Балқаш мыс қорыту зауыты – бүгінгі күні еліміздегі ең ірі мыс

ауыстыруға, көшелерді, аула мен саябақтарды жаңартуға жұмсалады. Компания жыл сайын соғыс ардагерлеріне, көпбалалы отбасыларға, материалдық жағдайы

тоннадан астам мыс өндіретінін айтты. Жезқазған және Балқаш аумағында түрлі технологиялармен мыс өндіріледі. Зауытта 5 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Балқаш қаласында – 3,5 мың, Жезқазғанда – 1,5 мың адам. Балқаш мыс қорыту



төмен отбасыларына әлеуметтік көмек көрсетеді. Өткен жылдан бастап Kazakhmys Smelting басшылығы «Халықтық театр» жобасын іске қосты. Оған зауыт қызметкерлері қатысады», – деді.

КСРО-ның құрметті металлургі Қамза Тынышбаев «Мен Балқаш қаласына осыдан 58 жыл бұрын, яғни 1960 жылы қыркүйек айында келдім», – деп бастады әңгімесін. Ақсақалдың айтуынша, алғашқы Балқаш мысын балқытатын технология мен қазіргі технологияның айырмашылығы – жер мен көктей.

зауыты дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Компанияның алдағы үш жылға арналған арнайы даму жобасы бекітілген. Қазіргі таңда жоспарлы түрде зауытты жаңарту бағдарламалары жүзеге асырылуда. Басты міндет – зауыттағы өндірісті автоматтандыру. Одан бөлек, экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселесін шешу. Зауыт функционалды басқарудан үдірісті басқаруға көшетін болады. «Төртінші өнеркәсіптік революция – әлемдік

МЫС ШАҒАРДЫҢ БҮГІНІ мен ЕРТЕҢІ

өндірушілердің бірі. Мұнда күн сайын, үздіксіз режимде 3500-ден астам адам жұмыс істейді.

Қаланың тыныс-тіршілігі Kazakhmys Smelting ЖШС-не тиесілі мыс балқыту зауытымен тығыз байланысты. Қазір зауыт жоспарлы түрде жаңарудың жаңа сатысында көшкен. Зауыт қызметкерлері кәсіпорынның жаңғыру бағдарламасы бойынша белсенді жұмыс істейді. Бағдарламада автоматтандыру, қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту міндеттері қамтылған. Біз өндіріс орнына кірмес бұрын, зауыт қызметкерлеріне арналған қауіпсіздік ережесімен таныстық. Кеншілер киетін арнайы киімді де кидік. Содан кейін ғана зауыт табалдырығын аттадық.

Мыс шаһары 80 жылдық мерейтойын былтыр атап өтті. Биыл тойланатын мереке – «Қазақмыс» компаниялар тобындағы Балқаш мыс қорыту зауытының 80 жылдығы. 1938 жылы Балқаш мыс және түсті металл өңдеу зауыттары Қоңырат мыс және Гүлшат қорғасын-мырыш кеніштерін біріктіру нәтижесінде Балқаш кен-металлургия комбинаты болып құрылған. Бүгінде қаладағы 80 мың тұрғынның үш жарым мыңнан астамы Kazakhmys Smelting ЖШС Балқаш аумағында жұмыс істейді. Мыс қаланың әлеуметі мен тыныс-тіршілігі кәсіпорын төлейтін салыққа байланысты.

Балқаш қаласының әкімі Александр Аглиулин «Қазақмыс» пен «Арселор Миттал» компаниясы Қарағанды облысының негізгі донорлары екенін бәрі біледі. Қаладағы жалпы салық көлемі жылына шамамен 22 млрд теңгеге жетеді. Шаһардың жыл сайынғы бюджеті – 9 миллиард теңге. Бюджеттің 55 пайызы әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалады. Бұл – әлеуметтік осал топтарға, көпбалалы отбасыларға, мүгедектерге арналған төлемдер. Қалған 45 пайызы қаланы дамытуға, инженерлік желілерді

Қ.Тынышбаев «1938 жылы алғашқы Балқаш мысын шығарған металлургтерді таптым. 1925 жылы кеңестік жас республикадағы индустриаландыру туралы шешіммен Қазақстанда 90 нысанның құрылысы басталды. Ал 1928 жылы белгілі геолог Русаков кен Қоңырат орнына келіп, барлау жұмыстарын бастады. 1929 жылы мұнда бұрғылау және жару жұмыстары жүргізілді. Ал 1938 жылдың 24 қарашасында Балқашта алғашқы мыс өндірілді. Менін жақында жарық көретін «Балқаш орбитасының тағдыры» атты кітабымнан кен орнының тарихын оқи аласыздар», – деді. Содан бері оның бүкіл өмірі қаланың тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты. Еңбек жолын қарапайым балқытушыдан бастаған ол өндірістік-технологиялық бөлімнің бастығына дейін көтерілген.



Kazakhmys Smelting ЖШС бас директоры Әділет Барменқұлов Жезқазған мен Балқаштағы екі кәсіпорын жылына 300 мың



қауымдастықпен қатар біздің еліміз де еніп отырған өзгерістер кезеңі. Бұл технологиялық жүйелердің өндіріске қарқынды енуі және адамзат қажеттіліктерін қанағаттандыруы деп те түсінуімізге болады. Өзгерістер кезеңі адамзаттың бүкіл өмір-салтын, еңбек нарығын, саяси жүйелерді, технологиялық құрылымдары, тіпті адамзат бірегейлігін қамтиды. Жаһандық экономикалық дамудағы құндылықтар өзгерісі, кезекті технологиялық жетістіктерді пайдалану, өнеркәсіптік жұмыстардың толықтай өзгерісі экономикалық өсімнің жаңа бағыттарын қалыптастыруға мүмкіндіктерін береді. Осы басымдық берілген бағыттардың біртіндеп жүзеге асырылуын зауыт басшылығы мен қызметкерлерінің бірлесіп, жоспарлы түрде алға қадам

басатынына сеніммен қарадық», – дейді Әділет Барменқұлов. Бас директордың айтуынша, Kazakhmys Smelting ЖШС-ның әрбір қызметкеріне ерекше көңіл бөлінеді. Әділет Барменқұлов «Бізде SMS-кеңес бар, кез келген қызметкер қысқа нөмірге SMS-хабарлама жібере алады. Олар зауыт жұмысына қатысты өздерінің ұсыныстары мен наразылықтарын жаза алады. Біз қарапайым адамдық құндылықтардың идеологиясын қолдаймыз. Зауыттағы ең басты құндылық – адами фактор. Сонымен қатар біз тек қана өзіміздің қызметкерлерге ғана емес олардың отбасына да ерекше көңіл бөлеміз. Спорт пен мәдениетті қатар алып жүргісі келетін кеншілер спорттық және мәдени үйірмелерге қатысады», – деді ол. Шихта дайындау цехының бастығы Жанат Иманбеков те бізге сұхбат берді: «Мен бұл зауытта 30 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Таңдауыма ешқашан өкінген емеспін. Біздің қызметкерлер үшін

«Корпорация Kazakhmys ЖШС-не қарасты Балқаш политехникалық колледжінде кездестік. Арзымбетовтер отбасының ұстанған басты қағидасы да осы. Келешекте ата жолын жалғастыратын білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бұл отбасында металлург болу ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып, Арзымбетовтер династиясының ізін жалғап келеді. Жиын барысында осы әулеттің үлкені Махат Арзымбетов «Біздің әулетіміздің үлкені менің ағам Марат Арзымбетов Балқаш мыс қорыту зауытында мыс балқытушы болып еңбек етіп жүрді. Сол кісінің жолын қуып, мен де металлург мамандығын таңдадым. 40 жылдан астам уақыт зауытта еңбек еттім. Әрине, тоқсаныншы жылдары біздің зауыт қана емес, еліміздегі барлық өндіріс орындары қиын кезеңді басынан өткерді. Кейбіреулері шыдамай жұмыстан шығып та кетті. Ал біз сол қиыншылықтың барлығын зауытпен бірге жеңдік. Металлург болу оңай емес. Бірақ мен металлургтер



санаторийге арнайы жолдама беріледі. Тіпті балаларымызға да жаздық лагерьге бару жағы қарастырылған. Қазіргі таңда жастар жағынан да зауытқа келіп жұмыс істегісі келетіндердің

әулетінің ұрпағын жалғастырушы болғандықтан, өзімнің бойымда жұмысқа деген үлкен жауапкершіліктің бар екенін сезіндім. Еңбегім еленіп, үш мәрте «Еңбек данқы» төсбелгісімен марапатталдым. Қазір біздің

қатары көп. Қызметкерлер үшін би топтары, спорт секциялары бар. Мысалы, өткен жылы зауыт басшылығының мұрындық болуымен балаларға цирк өнерін

балаларымыз, тіпті немерелеріміз де осы мамандықты таңдап алды. Біразы осы салада қызмет атқарып жүр, біразы осы сала бойынша университетте білім алуда», – деді.



үйрету үшін Алматыдан Мұрат Мұтырғановтың цирк тобы келді. Ол бір айдан астам уақыт балаларымызға цирк өнерінің қыр-сырын үйретті». Зауытта кран жүргізіп, түрлі салада қызмет етіп жүрген нәзік жандарды да кездестірдік. Солардың бірі – ұнтақтау және бөлшектеу секциясының тасымалдаушысы Гүлнара Байханова. Ол «Мен осында 20 жыл жұмыс істеп келе жатырмын. Жұмыс жауапты да күрделі. Сегіз сағаттық жұмыс күнім аяқталғаннан кейінгі уақытымды отбасыма бөлемін. Қолым қалт еткенде волейболға қатысамын. Менінше, адам өз жұмысына жан-тәнімен берілуі керек. Балқаш халқының бәрі болмаса да, көпшілігінің өмірі зауытпен біте қайнасып жатыр. Алдағы күндері зауыт қайта жаңғырудан өтіп, автоматтандырылады. Бұл өзгерістер мыс қорытуды жаңа бір белеске шығаратынына сенімдімін», – деді. Мыс шаһардағы ғұмыры бір ғасырдан асатын металлургтер әулеті – Арзымбетовтер отбасымен қаладағы

Қазіргі таңда Арзымбетовтер отбасының онға жуық мүшесі Балқаш мыс қорыту зауытында қызмет етеді. Мәселен, әулеттің келіні Қанымжан Иманғалиева «Балқаш мыс қорыту зауытында 35 жыл жұмыс істедім. Басында электродтарды бағыттаушы деген мамандық болған. Одан кейін мыс балқытушылармен тығыз байланыста болатын салада жұмыс істедім. Менің де еңбегім бағаланып, бірінші дәрежелі «Еңбек данқы» орденімен марапатталдым», – деп ағынан жарылды. Арзымбетовтер отбасының әрбір мүшесі металлургтер әулетінің ізін жалғастырушы екендерін мақтанышпен жеткізді. Ал біз Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің жаңғыру бағытындағы жұмыстарын ілгерілетіп, жаңа жетістіктерге жеткізетініне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Қарағанды облысы

Болашаққа бағдар

Өткенді екшелеп, болашаққа бағдар жасау – өмір қағидасы. Қазақстан Президентінің әр жылғы Жолдауы бір-бірін жүйелі толықтыра түсетін құнды құжат. Бұған дейін 100 нақты қадам – Ұлт жоспарын жүзеге асыруға жұмылсақ, «Рухани жаңғыру» мақаласының мәнін түсініп, қолға алдық. Биылғы жылы Елбасы әлемнің төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басқанына қарай жоспарлы іс-әрекеттерді белгілеп берді. Жолдауда айтылған «Ақылды технологиялар», «Цифрлық дәуір», «Жасыл технология», «Үлкен деректер», «Цифрлық білім» «Адами капитал» мұның бәрі білім және ғылым жүйесі қызметінің нәтижесі.

Жаңа іс-әрекеттер білімнің салтанат құруы негізінде жүзеге асады. Елбасы Н.Назарбаев «Көл-көсір мұнайдың» дәуірі аяқталып келеді», — деп ескертіп, алдағы уақытта білім өзіндік жаңа инновациялық жобаларымен — экономиканың бөлек саласы болатынын меңзеп отыр. Осыған орай, алдымызда жоғары білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз ету міндеті тұр.

Өткен жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында Елбасы экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыруына қол жеткізу, цифрлық технологияны қолдану, жаңа индустрияларды өркендету, өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, көлік пен логистика, құрылыс секторын дамыту, цифрлық индустрияны жеделдету арқылы Қазақстанды бәсекелестікке қабілетті елге айналдыру міндеттерін қойғаны есімізде. Мемлекет басшысының биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы

Еуропа — Батыс Қытай трансқұрлық дәлізінің, Қытай елімен шекарада құрылған «Қорғас — Шығыс қақпасы» экономикалық аймағының берер мүмкіндігі мол. Соған орай жергілікті автожолдарды жөндеу үшін жыл сайын республикадан 150 миллиард теңге бөлініп, ол қаржыға Жетісу жерінің шалғай ауылдарына апаратын жолдар жасалмақ. Әсіресе, туристік нысандарға жеткізетін жолдардың жөнделуін қатан қадағалауда ұстауды, республика бойынша транспорттық жүйеге облыстық транспорт логистикасын толығымен кіргізу қолға алынды.

Биылғы Жолдаудың негізгі бағытының бірі — білім берудің жаңа сапасын қалыптастыру. Елбасы «Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет», — дейді. Өте орынды. Себебі қандай мамандарды даярласақ та, кімге білім берсек те, оны оқытатын мұғалім. Сондықтан бірінші кезекте мұғалімдерді даярлаудың сапасын арттыру қажет. Заман дамыған сайын, қоғам өзгерген сайын жаңа, тылсым дүниелерді түсіндіретін, оқытатын адам керек. Ал біз өз деңгейінде, жан-жақты білімді, сапалы педагог даярлап жүрміз бе? Ойланатын мәселе. Елбасы Жолдауда «Аграрлық университеттер тек диплом беріп қана қоймай, ауыл шаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандарды дайындауға тиіс», — деді. Бұл тек аграрлық университеттерге ғана емес, педагог кадрлар даярлайтын білім ордаларына да қатысты деп ойлаймын. Жыл сайын елімізде әр сала бойынша жоғары білімді мамандар қажеттілігіне талдау жүргізіледі. Сол талдау бойынша педагогикалық білімі бар мамандарға қажеттілік өсіп отыр. Мәселен, Алматы облысында педагог кадрлардың тапшылығы әлі де орын алуда. Әсіресе, ауылдық жерлерде

құнарлы. Климаты түрлі дақылдарды өсіруге аса қолайлы. Бір сөзбен айтқанда, осы мүмкіншіліктерімізді толығымен пайдалануымыз керек. Өкінішке қарай, әлі де ауылшаруашылығы мақсатында қолдануға сұранып тұрған жер телімдерін пайдалана алмай отырмыз. Жолдаудың ерекшелігі сол, «Қазақстанда жасалған» деген брендті тез арада қалыптастыру үшін не істеу керектігі нақты міндеттермен көрсетілген. Бұл құнды құжаттың манызын арттыра түседі.

Әрине, ол үшін дәнді дақылдарды қайта өңдеу кешенін дамытып, сапалы өнім ұсынатын зауыттар салынуы тиіс. Бұл қадамға бару үшін алдымен аграрлық сала бойынша кәсіби білікті мамандар даярлау қажет. Елбасы бұл мәселені шет қалдырмай, тез арада аграрлық университеттердің базасын қайта жасақтауды, сөйтіп озық білім орталықтарын құруды ұсынды. Сонымен бірге, «ақылды» технологияларды дамытуды міндеттеді. Бұл — дала төсіндегі сан салалы жұмыстарды адамның қара күші емес, озық технология түрлері атқарады деген сөз. Қазіргі таңда адам атқаратын суару, дән егу, тырмалау, жер жырту, тыңайту секілді дала жұмыстарына техниканың күші жеткілікті. Бұл тәжірибенің дамыған елдерде кенінен қолданылып жүргені белгілі. Демек еліміз тың бастамаларды тиімді пайдалануда.

Жер жәннаты Жетісудың әсем табиғаты туризмді дамытуға аса қолайлы. Десек те, тек туризммен халықтың экономикасын көтеру мүмкін емес. Негізінен, Алматы облысы ауылшаруашылығына ден қойған аймақ саналады. Елбасы да түгін тартса, майы шығатын Жетісу өңірін ауылшаруашылығы жағынан өркендетуді қолдап отыр. Оған Президенттің Алматы облысына жасаған әр сапарында аграрлық салаға қатысты нақты тапсырмалар беретіні дәлел. Сондай-ақ әр сапарында шаруалармен кездесіп, емен-жаркын әңгімелесіп, жұмыс нәтижесін сұрап, бұрынғы жылдармен салыстыратыны бар. Мәселен, осыдан біраз жыл бұрынғы сапарында қызылша өсіруді қайта қолға алуды тапсырғанда тұрғындардың басым көпшілігі бұған аса мән бермеген еді. Өйткені кенестік кезеннен қалған зауыттар әлдеқашан тоқтаған. Халықтың алдыңғы буыны болмаса, кейінгі жастар қант қызылшасын өсіру технологиясын жетік меңгермеген. Қысқасы, қызылша алқабы қайта



жайкалып, сапалы тәтті түбір өндіретінімізге күмән келтірушілер көп болды. Бірақ бастаған іс жемісін бере бастады. Қоғамдық пікір өзгерді. Елбасының тапсырмасымен Алматы облысында қызылша өндірісі қолға алынып, кеңес кезіндегі қайнаған тіршілік қалпына келді. Бүгінде қант қызылшасын өсіру көлемі жылдан-жылға өсіп, кезінде тұралап қалған Көксу, Ақсу қант зауыттарының жұмысы жанданды. Жаңадан жұмыс орындары құрылып, отандық өнімнің сапасы арта түсті.

Міне, игі бастама бәрімізді өз нәтижесімен қуантты. Елбасы өңірдің әлеуетін білгендіктен осындай тапсырма берді деп ойлаймын. Ал жалпы облыс бойынша жыл сайынғы Жолдау аясында қаншама кәсіпорындардың ашылып, қаншама адамның жұмысқа орналасқанын қуанышпен еске аламын. Мәселен, Есік қаласынан шығарылатын «Фудмастер» компаниясының өнімдері Қазақстанды қойып, шетелде де суранысқа ие. Алматы іргесіндегі «Байсерке-Агро», «Данон-Беркут» компанияларының өнімдері де халық тарапынан жоғары бағаланады. Ал

облыс орталығы Талдықорғанда қаншама сүт өнімдерін шығаратын, сусындар өндіретін зауыттар бар?! Бұл шағын және орта кәсіпкерліктің үлкен нәтижесі. Егер біз осы қарқында жұмысты жалғастыра берсек, «Қазақстанда жасалған» деген тауарлық брендтімізді әлемге тез танытамыз. Елбасының бұл қадамға ерекше мән беріп, оны қолдап отырғаны баршаға белгілі.

Елімізде еңбек етуге ниетті адамға барлық мүмкіндіктер жасалғаны белгілі. Бізге тек осындайда ұлттық артықшылықтарымызды ұлықтау жетіспей жатады. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» макаласында да осы мәселелерді айналып өтпеген. Ұлттық код дегеніміз — ұлттық болмысымызды сақтай отырып, әлемге мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді таныту. Ендеше, тілімізді құрметтеп, дәстүрімізді берік ұстанып, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналу үшін әр күнді ерекше күш-жігермен бастаған жөн.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

www.jasqazaq.kz

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru



7

Медициналық сақтандыру

Бүгінде отандық денсаулық сақтау мамандары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне көшу және медицинаны цифрландыруға аяқ басты. Денсаулық сақтау саласында МӘМС қандай рөлге ие және бізге бұл жүйе не береді?

ТИІМДІ ЖҮЙЕ

2019 жылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу туралы шешім қабылданды. Осы уақытқа дейін алғышарттар жасалып, дайындық кезеңі өткізілді. Бұл дайындыққа 7-8 жылдай уақыт кетті деуге болады. Ол үшін электрондық тіркеулер мен порталдар, клиникалық-шығын топтары және медициналық-экономикалық тарифтер құрылып, олар бойынша медициналық қызмет құны онтайландырылып, күлді республика бойынша ауруханалар желісі қалыптасты. Қазіргі уақытта барлық нормативтік-құқықтық



«Ұлттық денсаулық сақтау жүйесін орнықты дамытуда және тиімділігін арттыруда халық пен жұмыс берушілердің ынтымақтастығын нығайту мақсатында, сондай-ақ денсаулық сақтауға жұмсалатын мемлекеттік және жеке шығындардың өсуі салдарынан болатын қаржылық қатерлерді жою мақсатында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесі енгізіледі»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

базалар, материалдық-техникалық жабдықтау дайындалды. МӘМС енгізу экономикалық, медициналық және әлеуметтік-демографиялық мақсаттарға сай келеді.

Ал осы сақтандыру медицинасын енгізу дәрігерлер мен халыққа не береді деген сауалға келсек, денсаулық сақтау саласына қаражаттың көп түсуіне байланысты қордан бөлінетін қаржы есебінен материалдық-техникалық база күшейіп, емдеу мекемелері кезең-кезеңімен заманауи құрал-жабдықтарды сатып алады. Бұл білім алу жағын кеңейтіп, әлемдік кәсіби мамандарды біздің елге шақыру арқылы немесе дәрігерлердің шетеле біліктілігін көтеру мүмкіндігін арттырады.

Халық үшін бұл алдымен сапалы, қауіпсіз медициналық көмекті қолжетімді етеді. Осы ретте мемлекет төлеміне сүйенетін он төрт санаттағы азаматтар мен жұмыс берушінің жұмысбасты азаматтарға төлейтін жарна сомасының көлемі көрсетілетін медициналық көмек көлеміне ықпал етпейді. Ай сайын бір жарым мың теңге көлеміндегі ең төменгі жарна немесе жылына 17 мың теңге төленсе де, кез келген азамат клиникалық-диагностикалық қызмет, кеңес беруден бастап нейрохирургия, кардиохирургия, трансплантацияға дейін жоғары технологиялық қымбат медициналық көмекті толығымен алуға құқылы.



Манас РАМАЗАНОВ,
Алматы қалалық

№7 клиникалық ауруханасының бас дәрігері, профессор

дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында осы орайдағы жұмыстарды одан әрі жалғастыру бағдарланды. Елбасы осы ретте он түрлі міндетті алға қойды. Ол Қазақстанның индустриясын ең жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналдыру, өндірістік үдерістерді цифрландыру арқылы өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін арттыру, ресурстық әлеуетті тиімді пайдалану, өндіріске ақпараттық технологиялық шешімдерді батыл енгізу, агроөнеркәсіп кешенін жаңа технологиялық деңгейге көтеру, көлік пен логистикалық инфрақұрылымды одан әрі жетілдіру, адами капиталды дамыту міндеттерін қамтиды.

Елбасымыздың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында алдымызға қойылған міндеттер биылғы жұмысымыздың басты бағыты болмақ. Айталық, өткен жылғы аймақтық ішкі өнімнің өсімі 2,7%-ды құраған. Оның 2,9%-ы өндіріске, 3,3%-ы ауыл шаруашылығына, 7,1%-ы саудаға тиесілі. Сонымен қатар, құрылыс саласы қарқынды жүріп, 646 мың шаршы метрге тең тұрғын үй пайдалануға берілген. Одан бөлек, Алматы облысы экономикасының өркендеуіне 527 миллиард теңге инвестиция тартылып, 25 мың жұмыс орны құрылған. Соның арқасында жұмыссыздық 4,7% деңгейінде қалды.

Елбасының биылғы Жолдауында көрсетілген бағыттар осы жетістікті одан ары жетілдіруге сеп болатыны анық. Ол үшін облысымыз индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткен модернизациялау мен кәсіпорындарды цифрландыру өнім сапасын арттырып, «Қазақстанда жасалған» деген бренспен өнім экспорттауға жұмыс істеуі қажет. Елбасы Жолдауында айтылған «Ақылды технологияларды» агроөнеркәсіп кешенінде қарқынды дамытудың мүмкіндігі мол. Алдағы 5 жылда еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттауды кемінде 2,5 есеге ұлғайтуды қамтамасыз ету міндеті тұрғанын ескерсек, аймақтың ауыл шаруашылығы саласына цифрлық технологияларды пайдалану еңбек өнімділігін жоғарылатауға септігін тигізеді. Сондай-ақ жаңа технологияларды енгізу, өнімділігі жоғары сұрыптар мен гибридтерді пайдалану, ақылды химиялауды қолдану, машина-трактор паркін жаңарту — бүгінгі күннің алға қойып отырған талабы.

Жолдауда айтылған көлік-логистикалық инфрақұрылымның тиімділігін арттыру бойынша облыс арқылы өтіп жатқан Батыс

бұл мұқтаждық қатты байқалады. Оның түрлі себебі бар. Десе де, заман талабына лайық мамандарды, әсіресе, математика және жаратылыстану ғылымдарын жақсы меңгерген жаңа формациядағы кадрларды білім мен өндірістің, цифрлық технологиялардың тығыз байланысы негізінде дайындау қажеттігіне көзіміз жетіп отыр. Біз жаппай оқытудан бас тартып, жекелеген мамандар даярлауға бет бұруымыз қажет.

Жолдаудың жетінші тарауында рухани-әлеуметтік мәселелер орынды қозғалды. Ол — адами капиталдың жаңа сапасы туралы мәселе. «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет» деген Мемлекет басшысы одан әрі бұл міндетті шешудің жолдарын нақтылай түседі. Соның ең бастысы білім беру бағдарламаларын өзгерістерге үнемі бейімдеу және жаңа білімді меңгертуге бейімдеу болып табылады. Бұл үрдіс бүгінде білім мекемелерінің жанартылған білім мазмұнына көшуі арқылы жүзеге асырылуда. Облыстық білім басқармасының есебі бойынша, бүгінде Назарбаев Зияткерлік мектебі тәжірибесі бойынша облыстағы 758 мектептің 1, 2, 5, 7 сыныптары жанартылған білім беру мазмұны бағдарламасымен жұмыс істеуде. Осы жылдың қыркүйегінен 3, 6, 8 сыныптар, 2019 жылдың 1 қыркүйегінен 4, 9, 10 сыныптар, 2020 жылы 11



сыныптар жанартылған білім мазмұнымен оқуға біртіндеп көшіріледі. Бүгінгі күнге облыста жанартылған білім мазмұны бағдарламасы бойынша 18 182 ұстаздың білімі жетілдірілді.

Қазіргі таңда Қазақстан әлемге бейбіт бағытымен ғана танылып қоймай, барлық саладағы сапалы өнімдерімен де көзге түсе бастады. Әсіресе, ауылшаруашылығы саласында еліміздің әлеуеті өте жоғары. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін заманауи технологиямен жабдықтау мәселесіне кенінен тоқталса, оған мүмкіндік жетерлік. Қазақстанның жері кең-байтақ, топырағы



Игі бастама

172 жоба! Бұл Атырау облысында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында былтырғы жылы жүзеге асырылған жобалар саны. Атырау облысы өңірлік коммуникациялар қызметінің хабарлауынша, осынша жобаны субсидиялау құны 12,6 миллиард теңгені құраған. Нәтижесінде өңірде 811 жаңа жұмыс орны құрылды.

Бұл цифрлар енді жаңа көрсеткіштермен толығады. Аталған жол картасының «Бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы» шенберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру мақсатында гранттар беруге 29 миллион теңге қаражат бөлінді. «Бағдарламаға қатысу үшін 53 үміткерден өтінім келіп түсті. Аталған бағдарлама шенберінде бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі үміткерлерден қабылданған құжаттарды тексеру барысында 14 кандидаттың құжаттары толық еместігі, сонымен қатар сәйкессіздіктерді анықтап, кәсіпкерлерге құжаттарын қайтарған болатын. Алайда екі үміткер бұл мерзімнің ішінде құжаттарын пысықтап, қайта тапсырмағандықтан, конкурстық комиссия отырысына 51 жоба ұсынылды. Конкурстық комиссия мүшелері кәсіпкерлердің жобаларын іріктеу кезінде дербес дауыс беру арқылы 14 кәсіпкердің жобасын мақұлдады. Нәтижесінде 29 жұмыс орны құрылады», – дейді Атырау облысы кәсіпкерлік және

КӘСІПКЕРЛІККЕ КЕҢ ӨРІС

индустриялық-инновациялық даму басқармасының баспасөз хатшысы Шолпан Сейсенәлиева.

Мақұлданған жобалардың көпшілігі сервистік бағытты таңдаған. Десе де, шағын кәсіпке негізделген жобалардың ауылдық елді мекендерде жүзеге асырылатыны қуантады. Мәселен, мақұлданған жобалардың

катарында «Ұн өндірісі орнын ашу» жобасы бар. «Калуов Жұмабай Мағзомович» жеке кәсіпкерлігі қолға алған жоба Атырау қаласынан ең шалғай орналасқан Қызылқоға ауданы халқын сапалы астық өнімдерімен және кебекпен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Бұған дейін малды өңір ретінде ғана қарастырылып келген Қызылқоға ауданы үшін астық өнімдеріне бағытталған жобалардың іске қосылуы тың жаңалық десек те болады. Рас, ауданда ірілі-ұсақты кондитерлік цехтар бар. Десе де, нарық алаңында тауар ассортиментінің көбеюі ең алдымен сапаға алып келеді.

Мақұлданған жобалардың қатарында тағы да осы шалғай аудан – Қызылқоға өңірінен «Ұлттық көлөнер бұйымдарын жасауды үйрету орталығы» бар. «Райян» жеке қожалығы қолға алған жобаның мақсаты – ұмыт қалып бара жатқан ұлттық көлөнерімізді заманауи үлгі де жаңғыртып, бұйымдар жасауды үйрету және жаңа жұмыс орындарын ашу. Жоба жүзеге асқан жағдайда екі адам жаңа жұмыспен қамтылады деп күтілуде.

«Сафия» жеке кәсіпкерлігінің «Жиһаз өндіру және жаңғыртып, қалпына келтіру» жобасы Исатай ауданы Акқыстау ауылында орналасады. Жоба жүзеге асқан жағдайда аудан халқына сапалы материалдардан жиһаз түрлерін жасау және ескі жиһазды жаңарту қызметі көрсетілетін болады. Сервистік қызмет көрсететін орталықтардың қатарында «Кілем тазалау цехы» да бар. Негізінен өндірістік өңір саналатын Мақат ауданының Доссор ауылында орналасқан цех жоғары технологиялық құрылғыларды пайдалана отырып, жергілікті тұрғындарға кілем тазалау қызметін ұсынбақ. Аталмыш ауданда қолға алынғалы отырған екінші жоба – «Инсульттан кейінгі оңалту» орталығы. Орталықта логопед-дефектолог қызмет көрсетеді. Қазіргі таңда Мақат ауданы бойынша инсульт алған науқастар санының көптігін, аудан ауруханаларында аталған аппараттармен қызмет көрсетілмейтінін дінгін ескерсек, оңалту орталығын ашу заман қажеттілігінен туындап отырған мәселе.

«Бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы» шенберінде іске қосылатын жобалардың қатарында «Мухамбетова С.Ж» жеке кәсіпкерлігі қолға алған «Жоғары сынып оқушыларын тегін оқытуға



арналған тігін шеберханасы» бар. Махамбет ауданы Махамбет ауылында іске қосылатын жоба аясында үш адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Бұл жобаны әлеуметтік бизнес деп атасақ та болады. Жоғары сынып оқушыларын тігін шеберлігіне баулу, мүгедек адамдарды жұмыспен қамту арқылы, жеке кәсіпкер дайын өнімдерді сату жолымен табыс табуды көздеп отыр. Махамбет ауданында күтіліп отырған екінші жоба – кондитер

өнімдерінің инновациялық өндірісі. Қазіргі таңда нысан Махамбет ауданы Береке ауылында жұмыс істеуде. Жаңа бағдарлама көмегіне жүгініп отырған кәсіпкер кондитерлік өндірісті кеңейтуді көздеуде. Заманауи технологияларды қолдана отырып, тауар ассортименті ұлғаяды, ауыл халқы үшін қосымша жұмыс орындары ашылады.

Аталған мемлекеттік бағдарлама бір ғана Атырау қаласының өзінде төрт жаңа нысанның ашылуына ықпал етіп отыр. Мәселен, «Атырау плазма крой» жеке кәсіпкерлігі «Көркем бейнелеп кесу элементтері мен басқа да әртүрлі бұйымдарды өндіру» жобасын іске қоспақ. Металдан жасалатын бұйымдар мен элементтерді өндіруді көздейтін цех «Қазақстанда жасалған» тауарлар маркасын осындай тың қызметімен толықтырмақ. Жаңа нысандардың қатарында «Емдеу қызметін көрсететін инновациялық медициналық орталық» та бар. «Профмед» жеке серіктестігі қолға алған жобаның басты ерекшелігі – технологиясында. Орталық тірек-қимыл жүйесін емдейтін «Стоппэйн» мамандандырылған медициналық орталығын ашуды көздейді. Нәтижесінде төрт адам жұмыспен қамтылады.

Денсаулық сақтау саласындағы маңызды жобалардың бірі – «Сенім» мүгедектерге арналған спорттық оңалту орталығы» жобасы. «Үсен» жеке кәсіпкерлігі қолға алған жобаның ерекшелігі – мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оңалту орталығын ашу. Нәтижесінде, екі адам жұмыспен қамтылады.

«Айтбаева Зинаида Хайсоллиевна» жеке кәсіпкерлігі таңдаған сала – жеңіл өнеркәсіп. «Атырау қаласындағы инновациялық мал сою орны және ет жартылай фабрикалары өндірісі» жобасы толық қуатымен жұмыс істеген кезде үш адамды тұрақты қызметпен қамтиды. Мақсат – тұтынушыларды сапалы ет өнімдерімен қамтамасыз ету. Сонымен қатар цех ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерімен бірлесе отырып жұмыс істеуді көздейді. Айта кетелік, «Бизнестің жол картасы – 2020»

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты

«БАСТАУМЕН» БАСТА!

Атырау облысында «Бастау» жобасы сәтті жүзеге асуда. Бағдарлама әуел баста ауылдағы жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың экономикалық белсенділігін кәсіпкерлікпен айналысуға бейімдеу арқылы арттыруға арналған. Атырау облысы кәсіпкерлер палатасы бөлім басшысы Жанаргүл Жоламанованың айтуынша, былтыр «Бастауға» облыстағы төрт ауданның тұрғындары қатысса, биыл жоба барлық жеті ауданда және Атырау қаласында жүзеге асырылып отыр.

«2017 жылы Атырау облысында «Бастау» бойынша 750 адам білім алды. Олардың ішінде 130 тұрғын жеке бизнесін ашқан еді. Атап айтқанда, 77 білім алушы жалпы сомасы 271,5 млн теңгеге қаржы алды, қалғандары жеке қаражатын пайдаланған. Бизнес-жобалардың үлкен бөлігі ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсету саласына тиесілі. Сонымен қатар көлік, азық-түлік шығару және басқа да салаларды қамтиды. Жаңа бизнес-жобалар арқылы 120 жұмыс орны ашылғанын атап өту керек», – дейді Жанаргүл Жоламанова.

Тестілеу кезеңі аяқталған соң 50 балдан жоғары жинағанғар жеке бизнесін ашу немесе кәсібін ұлғайту үшін бір ай бойы кәсіпкерлік негіздері бойынша білім алады. Оқу аяқталған соң сертификат беріледі. Одан кейін комиссия алдында бизнес-жобасын қорғап, қаржыландыруға құжат тапсырады. Бизнес-жобасын сәтті қорғағандарға арнайы сертификат беріледі. Бұл ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры, шағын несие институттары арқылы жеңілдігімен несие алуға мүмкіндік береді. Несие жылына 6 % мөлшерлемемен беріледі.

Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру мақсатында әзірленген бағдарлама. Бағдарлама 2014 жылға

дейінгі мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық дамыту бағдарламасын іске асыру механизмдерінің бірі болып табылады.

Бағдарламаның мақсаты – экономиканың шикізаттық емес секторларындағы өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сонымен қатар бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру. Бағдарламаның бірінші кезеңі 2010–2014 жылдарды қамтыды. Екінші кезең 2015 жылы басталды. 2015–2020 жылдар аралығында жаңа бағдарламаларды қолдау, шетелге тауар шығарушыларды қолдау бағыттарында жұмыс жүреді.

Баян ЖАНУЗАҚОВА,
Атырау қаласы

Цифрландыру

Қазақ және қырғыздың IT мамандары цифрландыру саласында бірлесе жұмыс істеуге ынталы. Қазақстан делегациясының Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында жұмыс сапарынан осындай ой түюге болады. Екі жақты кездесуде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және Қырғыз Республикасының «ТазаКоом» Ұлттық цифрлық трансформациялау бағдарламасы аясында ынтымақтастық мәселелері талқыланды.



IT САЛАСЫНДА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстанның 29 компаниясы қырғыз өкілдеріне 80-нен астам ақпараттық-технологиялық шешімдері мен өнімдерін ұсынды. Қазақстандық компаниялардың денсаулық сақтау, білім беру, ақпараттық технологиялар, телекоммуникациялар, Smart City, көлік, қауіпсіздік, экономика және қаржы саласындағы мүмкіндіктері Қырғызстандағы мемлекеттік органдар мен ірі компаниялардың қызығушылығын тудырды.

Осы сапардың қорытындысы бойынша, отандық IT-компаниялар мен «Кыргызтелеком» ААК, «Қырғыз почта» МК араларында екі меморандумға қол қойылды.

Сондай-ақ кездесу барысында ақпарат және коммуникациялар вице-министрі Динара Шеглова Astana Hub халықаралық технопаркінің таныстыру рәсімін өткізді.

Қорытынды кеңеске Казакстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Аскар Жұмағалиев және Қырғыз

Республикасының премьер-министрінің орынбасары Замирбек Аскаров қатысты.

Аскар Жұмағалиев басқосуда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы жан-жақты мағлұмат берді. Ол қырғыз елінің осы саладағы мамандарын 2018 жылдың 3 шілдесіне өткелі отырған Астана Hub павильонының техникалық ашылуына шақырды.

Өз кезегінде, Замирбек Аскаров Қазақстанмен ынтымақтастықтың стратегиялық маңыздылығын және ақпараттық технологиялар саласындағы үлкен әлеуетті атап өтті. Ақпараттық технологиялар және байланыс жөніндегі Қырғызстан Республикасы мемлекеттік комитетінің төрағасы Бакыт Шәршімбиев казакстандық делегацияның жасаған сапарына алғысын білдірді және казакстандық

компаниялардың ұсынған шешімдері қырғыз елінде сұранысқа ие екенін атап өтті.

Сапар барысында Қазақстан Республикасы Ақпарат және байланыс министрлігі мен Қырғыз Республикасы ақпараттық технологияларының мемлекеттік комитеті арасында тәжірибе алмасу мақсатында іс-шаралар өткізілді. Тараптар екі елдің үлкен деректер, бұлттық технологиялар, электрондық құжат айналымы саласындағы тәжірибесін талқылады және меморандумдар мен келісімдерді әзірлеу туралы уағдаласты.

Сапар соңында Аскар Жұмағалиев IT-компаниялардың өкілдерімен бірге кездесулердің қорытындысын талқылады. Компания өкілдері іс-шараның тиімділігін атап өтті және осындай сапармен басқа елдерге барып, өз мүмкіндіктерін ұсынуға дайын екендігін айтты.

Талап ТІЛЕГЕН

Бизнестің жол картасы

Халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге бизнестің қатысуын және қойырымдылық мәдениетін қалыптастыру бойынша «Атамекеннің» бастамалары жайында «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары Эльдар Жұмағазиев үкіметтік емес ұйымдар, бизнес және мемлекеттің ұшжақты әріптестігіне арналған II республикалық ASAR форумы барысында айтты. Аталған форум Талдықорған қаласындағы өңірлік кәсіпкерлер палатасы алаңында өтті.

Үкіметтік емес ұйым, бизнес және мемлекеттің үш жақты ынтымақтастығы жөніндегі ASAR республикалық форумы барысында түрлі алаңдарда шеберлік-сыныптары, case-study оқыту семинарлары мен дебаттар өтті. Мұнымен қоса asarprojects.kz әлеуметтік идеялар платформасында үкіметтік емес ұйымның әлеуметтік жобалары таныстырылды. Ол пленарлық және панельдік сессиялармен, зияткерлік конференциялармен жалғасты. Форум өткізудегі негізгі мақсат – мемлекет, коммерциялық емес сектор және бизнес арасындағы тиімді ынтымақтастық формасын құру.

Форум барысында Эльдар Жұмағазиев қазіргі таңда бизнес жоғары әлеуметтік жауапкершілікті көрсетіп отырғанын тілге тиек етіп, былтырдың өзінде 2 мың компания әлеуметтік кәсіпкерлікті жүзеге асыру мақсатында 122 млрд теңге қаржы жұмсағанын атап өтті. Тіпті өткен жылдан бері Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнестің атаулы қайырымдылық шараларын

өткізу бойынша «Атамекенім» акциясын іске қосқанын жеткізді. Сондай-ақ биыл «Әр ауылға - бір қамқоршы» бірегей жобасының бастағанын айтты.

Баяндамашы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың негізгі тәсілдерін атады. Оған Әлеуметтік мәселелер картасы, Меценаттар тізілімі, Шешімдер топтамасы, экономикалық ынталандыру және моральдық көтермелеу бастамалары жатады.

«Жоба ауылды дамытудың қолдау құралы ретінде меценаттықты дамытуға бағытталған. Біз ауылдарға сараптама жүргізіп, оның нәтижесінде кәсіпкерлерге кешенді шешілуі тиіс Әлеуметтік мәселелер картасын көрсетеміз», – делі

Басқарма төрағасының орынбасары. Меценаттарды жобаға қатысуға қызықтыру үшін моральдық

СҮЙЕКТІ ЖОБА, СҮБЕЛІ ЖҰМЫС



көтермелеу мен қолданыстағы салық жеңілдіктері мен артықшылықтарды түсіндіру қарастырылатын бірқатар ынталандыру шарасы таныстырылады.

«Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары «Түрлі көмек көрсетіп жүрген кәсіпкерлердің игі істерін барынша насихаттау керек. Мысалы, олардың есімдерін қандайда бір нысандарға беру немесе көрсету. Мемлекет басшысы да әлеуметтік жауапкершілік жүгін арқалаған кәсіпкерлерді ынталандыру, көтермелеу туралы айтты», – деп атап өтті.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Белес

Қазақ мифологиясының негізін қалап, руханиятының түп-тамырын зерттеп, ұлттық мүдде тұрғысынан қыруар жұмыс тындырған мифолог, ғалым Серікбол Қондыбайдың 50 жылдығына арналған халықаралық конференцияның ашылу салтанаты өтті. Ақтаудағы Н.Жантөрин атындағы облыстық музыкалық-драма театрда болған «Серікбол Қондыбай мұралары: әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас» ғылыми-теориялық конференцияның ашылуына облыс әкімі Ералы Тоғжанов, оның орынбасарлары, еліміздің және шет мемлекеттердің ғалымдары және өңір тұрғындары қатысты.

Сахна шымылдығы ғалымның шығармашылығындағы үзіндіден алынған қойылыммен ашылды. Содан кейін қалың көрерменнің назарына Серікбол Қондыбайдың өмірін, еңбек жолын бейнелейтін және естелік топтастырылған «Рух жауынгері» деректі фильмі ұсынылды. Ғалым Серікбол Әділбекұлы 1968 жылдың 14 наурызында Маңғыстау облысы Қаракия ауданы Құрық ауылында дүниеге

Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов «Ғалым, философ, лингвист, тарихшы, әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас, тың серпін әкеліп, небәрі 36 жыл ғұмыр кешіп, жарық жұлдыздай жарқ еткен Серікбол еліне, халқына өшпес мұра қалдырды. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев айтқандай, «Тарих— өткеннің сыбағасы, алдыңғының кейінге өнегесі». Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде өлкеде ұлттық сананы жаңғырту мақсатында көлемді жұмыс қолға алынды. Оның ішінде

алып, іске асыруды көздеп отырмыз. Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің жанынан С.Қондыбайдың мұраларын зерттеу және насихаттау орталығын, Шетпе ауылында ғалым тұрған үйді музей экспозициясы ретінде ашу, ғалым шығармашылығы бойынша екі жыл сайын республикалық және халықаралық деңгейде конференция ұйымдастыру, биыл күзде ғылыми ордалардың атсалысуымен Астанада ғылыми конференция өткізуді жоспарлап отырмыз», — деді.



ҚОНДЫБАЙ МҰРАСЫ – РУХАНИ ҚАЗЫНА

келген. 1975–1985 жылдары Маңғыстау ауданының орталығы Шетпе ауылындағы №3 орта мектепте білім алды. Еліміз тәуелсіздік алған жылы Қазақ ұлттық университетін географ-геоморфолог

Серікболды танудың орны ерекше. Ол бір сөзінде: «Мен көптен бері қызықтыратын сала — мифология. Ол менің ойымды баурап та, жаулап та алды. Мендегі дағдыға айналған сауал неге басқада бар, қазақта

Салтанатты жиында Серікбол Қондыбайдың еңбектерінің жинағы бойынша «Байырғы казак дүниетанымының негіздері» атты ғылыми энциклопедияның тұсауы кесілді. «Ақ жол» жастар театрының өртістері акын Онайгүл Тұржанның «Мифтің түбі — ақиқат» қойылымын сахналады.

Арғы казак мифологиясын зерттеудің негізін салушы, соңына қыруар ғылыми еңбектер қалдырған біртуар ғалым Серікбол Қондыбайдың шығармашылығын танып білу және оның отандық ғылымдағы орнын айқындауға арналған конференцияда ғалымның лингвистикалық талдау әдіснамасы және әлемдік мифология мен тілдер қалыптасуының ортақ тамырлары мифтің мәдени жад формасы ретіндегі өзектенуі тақырыптары сөз болды. Халықаралық шараға республикамыздың белгілі ғалымдары мен қоғам қайраткерлері, Америка Құрама Штатынан, Түркия, Ресей, Түрікменстан, Әзірбайжан, Қытай мемлекеттерінен 14 мифология, философия, тарих, этнология, археология салаларының ғалымдары және музей зерттеуші орталығының арнайы шақырылған өкілдері қатысты.

Конференция ғылыми жағынан А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының қолдауымен өтті. Келесі күні құрметті қоңақтар Шақпақ ата қорымында, «Отпан тау» тарихи-мәдени кешені мен С.Қондыбай

мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын мектепте мұғалімдіктен бастаған. Кейін аудандық «Білім қоғамында» жауапты хатшы, аудандық байланыс торабында монтер болып қызмет етеді. 1991–1997 жылдары Маңғыстау, Үстірт мұражай-қорығында, облыстық экология және биоресурстар басқармасында қызметкер болып жұмыс істеп, туризм, ландшафт эстетикасы тақырыптарында зерттеу жұмысын жүргізген. Сонымен қатар қазақтың байырғы шежіресі мен әфсана аңыздары, географиясы тұрғысында мағлұматтар жинастырып, том-том кітап жазды. Ғалым «Маңғыстау географиясы», «Қазак мифологиясына кіріспе», «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары», «Есен-казак», «Гиперборея: түс көрген заман шежіресі», «Арғы казак мифологиясы», «Маңғыстау ландшафтының эстетикасы», «Маңғыстаунама», «Қазақ даласы және герман тәңірлері», «Жауынгерлік рух кітабы» сынды зерттеу еңбектерінің авторы. Ғалым 27 жасында төсекке таңылса да кешенді, іргелі зерттеу жүргізіп, жаһанның үндестігін, мәдениетіміздің, философиямыздың түпсіздігін дәлелдеуімен, асыл мұрасымен өзіндік қолтанба қалдырды. Деректі фильмде сөз сөйлеген белгілі ғалымдар Серікбол хақында «Жаңа заманның шежірешісі», «Қазақ халқының мақтанышы», «Рухани жаңғырудың, рухани әлем танудың алғашқы сатысына әкелген тұлға», «Ұлттық руханиятымыздағы сирек құбылыс», «Данышпан» деген сияқты жоғары баға берді.

жок?» деген болатын. Серікболдың ғалымдар қауымы арасында «Күн текті қаһарман», «Аңыз құсы» атануы жай болмаса керек. Ол — бала жасымыздан жадымызға сіңіп, құлақта жатталған ертегі-аңыздардан қазақтың ілкі дүниетанымын, одан әрі түркінің түп-төркінін түгендеу арқылы әлемдік ғылымға олжа салған ғалым. Төсекте танылып жатып-ақ әлемді қиялмен кезіп, тосын пайымдарымен



ғылыми ортаны дүр сілкіндірді. Конференцияда әлемдік ғылымның көкейінде жүрген көптеген сұрақтардың шеті шығып, толғандырған сауалдардың жауабы табылатынына сенемін. Серікбол әлемі — ғаламдық бәйтерек, ол әрі қарай тамыр жаюы үшін облыс әкімдігі тарапынан мынадай жұмыстарды қолға

шығармашылығына арналған облыстық мемориалдық музейде болды. Сапар соңында қонақтар ғалымның басына барып, рухына құран бағыштады.

Суреттерді түсірген
Талант ҚҰСАЙЫН,
Серік МАЙЕМЕРОВ

www.jasqazaq.kz

E-mail:
jas.qazaq@mail.ru



Айбын

Маңғыстау облысында ел тыныштығын күзетіп, қауіпсіздікті қамтамасыз етумен астақан тәртіп сақшыларының мерекесі

тойланды. Құрылғанына 26 жыл болған Қазақстан полициясының күнінде сала қызметкерлері ыстық ықыласқа бөленіп, қуанышқа кенелді. Кәсіби мерекеде полицейлер құрмет төрінен, марапат биігінен көрініп, жаңа темір тұлпарларды тақымдады.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАР ҚУАНЫШЫ

Мерекеге арналған салтанатты жиында облыс әкімі Ералы Тоғжанов құқық қорғау саласының ардагерлері мен қызметкерлерін мерекемен құттықтап, ажарма лебізін білдірді.

Аймақ басшысы «Бүгінгі таңда аймақта 2200 полиция қызметкері жұмыс істейді. Тәртіп сақшылары қылмысқа қарсы күрестің алғы шебінде тұр және біздің азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. Деректерге сүйенсек, соңғы жылдары өңірде жасалған қылмыс саны азайды. Бұл көрсеткіш қоғамдық қауіпсіздікті, заң мен тәртіпті сақтаудағы полиция қызметкерлерінің үлесі, жасаған жұмысының көрінісі деп білеміз. Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақ- береке тілеймін», — деді.

Маңғыстау облысы ІІД бастығы, полиция полковнигі Қанат Таймерденов әріптестерін мерекемен құттықтап, қоғамдық тәртіпті бақылаудағы қызметтеріне сәттілік тіледі. Салтанатты сәтте ҚР ІІМ бұйрығымен қылмыспен күресте және жедел қызметте жоғары көрсеткіштері үшін полиция қызметкерлері медальмен, алғыс хаттармен марапатталды. «Ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері» төс белгісімен В.Щербак пен Д.Сарғожаев марапатталса, ІІД ЖПК бөлімінің бастығы М.Дайханбаевқа «полиция полковнигі» атағы берілді. «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан



үлесі үшін» медалімен полиция полковнигі М.Сериалиев, «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісімен ІІ дәрежелі полиция майоры А.Коренских, полиция капитаны В.Аванесян, аға лейтенант Ержан Аманқосұлы, Қазақстан Республикасы ІІМ Құрмет грамотасымен полиция майоры Е.Балбаев, ҚР ІІМ грамотасымен полиция капитаны Б.Күзенбаев марапатталды.

Мерекелік жиын соны концерттік бағдарламаға ұласып, ән мен жыр әуелеп, күй күмбірледі.

Қазақстан полициясының мерекесінде облыстық ішкі істер департаментінің материалдық-техникалық базасы нығайып, тәртіп сақшыларына жаңа көліктердің кілті табысталды. «Ынтымақ» алаңында өткен шараға облыс әкімі Ералы Тоғжанов, оның орынбасары Руслан Сакеев, құқық қорғау саласының ардагерлері, сала басшылығы және жеке құрам қатысты.

Салтанатты шарада облыс әкімі Ералы Лұқпанұлы 38 қызметтік көліктің кілтін полицейлерге табыстады. Мерекеді ІІД қызметкерлері қарабин қаруымен саптық көрініс, арнайы мақсаттағы бөлініс қызметкерлері ұрыс-қимылдарын көрсетті. Осыдан 6 жыл бұрын жол-патруль полициясы батальонының жанында құрылған взводқа алынған аттармен теңіз жағалауында, қала сыртында қауіпсіздікті қамтамасыз етіп жүрген салт атты полицейлер де қызмет барысынан көрсетілім қойды.

Маңғыстау облысы ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметінің бастығы Ұлықбек Мылтықов «Бүгін — құқық қорғаушылар үшін қуанышты күн. Біз Lada Vesta, Lada Largus, Toyota Corolla маркалы көліктеріне және квадроцикл мен электромобиль көліктеріне ие болдық. Аталған көліктер заманауи үлгідегі жабдықтармен жасакталған. Ішкі істер саласы цифрландыру жүйесіне көшіп жатыр деп айтуға болықтай негіз бар. Өйткені, бұл көліктер құқықбұзушылықты тез анықтайтын, аз уақыттың ішінде хаттама толтыруға мүмкіндік беретін және оны ортақ жүйеге кіргізетін құрылғыға ие. Сонымен қатар қоғамдық тәртіпті бақылауға көмектесетін құрал-жабдықтар да бар. Электромобиль көліктері теңіз жағалауы сияқты қоғамдық орындарда, квадроцикл құмды, тасты жерлерде жол талғамай жүре береді. Бұл көліктер біздің жұмысымызды жеңілдетіп қана қоймай, қоғамдағы құқықбұзушылықты азайтуға септігін тигізбек», — деді.

Сыйлық

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының 90 жылдық мерейтойына тәуелсіздіктің құрдастары тамаша тарту жасады. Шетпедегі Нұн Жұбаев атындағы орта мектептің 2008 жылғы түлектері ауылдың ажарын ашып, көшенің көркін кіргізген I love Shetpe инсталляциясын орнатты.

Соңғы жылдары сәнге айналған өнер кескінінің ашылу салтанатына аудан әкімі Жармағанбет Айтуаров, оның орынбасары Ерболат Махмұтов, аудандық мәслихаттың хатшысы Абзал Сарбабаев, ел ағалары, ауыл тұрғындары және мектеп түлектері қатысты. Маңғыстау ауданының әкімі Жармағанбет Айтуаров «Қалірілі жерлестер! Бүгін біз игілікті істің куәсі болып отырмыз. Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Патриотизм кіндік

қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады» деген болатын. Ауыл кәсіпкерлерінің, тұрғындардың, жастардың қолдауымен ауылдарда бірнеше әлеуметтік нысан салынып, пайдалануға берілді. Міне, бүгін Н.Жұбаев мектебінің 2008 жылғы түлектері де ауылға сүйіспеншілігін білдіріп, туған жерін көркейтуге атсалысып отыр. Барша аудан тұрғындарының атынан сіздерге алғысымызды білдіріп, 10



жылдық мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!», — деп мектеп түлектеріне алғыс хат табыстады.

Шетпе ауылының әкімі Мұхтар Мүтәллапов игі істердің ұйтқысы болған тәуелсіздіктің құрдастарына ризашылығын білдіріп, жаңа қоғамдық орын халықтың игілігіне жарайтынына сенімділік білдірді.

Нұн Жұбаев мектебінің 2008 жылғы түлегі Балғабек Наурызбаев «Мектеп бітіргенімізге 10 жыл толуына орай, түлектердің ақылдасуымен ауылға әлемдегі ең танымал қалалардан бастау алып, біздің елде жалғасқан тәжірибені жүзеге асыруды жөн деп таптық. Біздің облысымыздағы қала мен ауылдарда да белен алған игі үрдісті жалғастыруымызға аудан әкімдігі қолдау көрсетті. «Мен өз ауылымды сүйемін» жазуы аудан жастарын елжандылыққа, туған жерін қастерлеуге үндейді деген сенімдемін», — деді.

Бетті дайындаған
Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ



Естелік

Кос бұрымы арқасында, жалаң аяқтары жерге тигенде қара жолдың борпылдақ топырағы сәл шаң көтеріп, Ешкіөлмес тауының тұсында он үш, он төрт жас шамасындағы қараторы қыз халық әні «Қос жиренді» әуелетіп келеді. Бір қолында иінағашы, екінші қолында бір-біріне кигізілген қос шелек, оның ішінде нан, қант, т.б. тәттілер, ал иығында өзі мен сіңлісі екеуі ара-кезек киетін бәтінке, соны тозып қалмасын деп мана аяғынан шешіп алған. Қос ат жеккен бричкадағы Қали ата «дррр...» деп атының басын тежегенде ғана артына жалт қарады. «Иә, қызым, қайда барасын?», Мақаш іштей, мына кісі колхоздың басшысы Қали ата ғой деп, жөне ол кісінің үлкен басымен тоқтағанына риза болып қалды. «Ленин колхозына» деді естілер-естілмес. «Онда отыра ғой, мен де сонда бара жатырмын». Қысылса да, Қали атаның қасына отырды.

— Кайдан келесің?
— Тарғыннан...
— Жәй бардың ба, мынауың не?
— Жок, кеше тоғайдан екі шелек мойыл жинап, соны бүгін Тарғынға апарып, орыстарға сатып, үйге анау-мынау алып келе жатырмын.
— Әй, бәрекедлі, қызым, кімнің баласысың?
— деп атасы арқасынан қакты.
— Райымбектің.

әйелдің қатты ауырып жүргенін естіп, ертеніне үйге келіп, табалдырыктан аттамай тұрып «көз тиген екен» деп, екі күн оқыпты, үшінші күнге не істейтінін айтып, аттанып кете барыпты. Сол қария кеткен соң екі-үш күннен соң анасы қария жасап берген ақ дәріні жағып құлан-таза жазылады.

Мақаштың ата-анасының үйленгендері де өз алдына бір хикая...

Әкесі Райымбек анасын жастай айттырған көрінеді. Сөйтіп жүргенде Райымбектің әкесі өмірден озып, анасы екеуі ғана қалып, тұрмыс жағдайлары да онша болмай, жас жігіт қатты



МОЙЫЛ ТЕРГЕН ҚЫЗ, МОЙЫМАЙ ӨТКЕН АНА

— Жәрәйсін, болайын деген бала сендей тіршілік жасайды, көп жаса, балам! Арада бір жұма өткенде колхоздың қоймасындағы есепші соғысқа шақырту алып, орнына ауылдан ешкім табылмағанда, Қали атаның есіне баяғы қара қыз түсіп: «Райымбектің қызын қоймашы қойындар, сол қыздың қолынан келеді», — депті. Түс мезгілінде соғысқа аттануға бел байлаған бұрынғы есепші салдырлаған ап-ауыр кілтті Райымбектің үйіндегі дөңгелек столдың үстіне салдыр еткізіп



тастап, колхоз басшысының жарлығын жеткізді. Сонымен, қаршадай Мақаштың еңбек жолы басталып еді...

Жаңұяда бас көтерер өзі ғана, қалғандары нәзік және жас: Дәметкен, Дәме, Дәмелқан, Қауқаш, емшектегі бауыры — Тояш. Анасы Тоаш туғалы бір жаман ауруға шалдыққан. Бүкіл денесіне бөрткен сияқты ұшынып бір қызыл түйіршіктер шығады да, ол суланып, жалғыз көйлегі кешке дейін саусылдап денесіне жабысып қалады. Кешке жылармандай болып шешеді, оны Мақаш жуып, түні бойы кептіріп, таңда анасына қайта кигізеді. Тоаш емген емшегінің айналасы кейде қанап, анасы қатты қиналады.

«Жыртық үйдің де Құдайы бар» демеуші ме еді қазақ, бірде ауылға атты қария келіп қонады, көршілерінен шиттей балалары бар

қиналады. Бірақ алған бетінен қайтпай, отыз жасқа дейін айттырған қыздың қалың малын шетінен ептеп беріп отырады. Ал қыз болса, біреудің жалғыз қызы, құда түсіп жұрт келе береді. Қыздың әкесі жетім жігітке қызын бергісі келмейтін сынай байкатады. Сонымен тағы бір-екі жыл өтеді, жас жігіт ақыр аяғы ұсақ малымен қалыңмалды өтеп болып, енді қызды алып кетпекке ыңғайланғанда, болашақ қайын атасы: «Маған жорға жиренін берсін, әйпесе қызымды бермеймін», — деп кісі жібереді.

Райымбектің анасы мінезді адам екен: «Ондайы болса, қызымен бірге кетсін, алмайсың ол қызды» деп тулайды. Ал, қыз бен жігіт бір-бірін сүйеді. Содан не керек, ақыр аяғында қыздың әкесіне жорға жиренін беріп, ол кезде оң жакта ұзақ отырып қалған қызды алады. Анасы келініне көпке дейін қабағын бермей жүреді. Отасқан соң келіні босанып ұл туады. Бірақ сәби аз ғана тұрады да шетінеп кетеді. Артынан, екі жылдан соң, Мақаш дүниеге келіп, апасы оны етегіне салып алады. Өмірден озғанша бауырында өскен немересін қатты жақсы көріпті. Болған апасы сондай таза адам екен, киген кімешегі, қос етек көйлегі аппақ қар сияқты ақшанқанданып тұрады екен. Содан ауылдастары ол кісіні «Ақкыз» атап кетеді. Тойға барса, Мақашты ертіп барады, онша көп тамақ та жемей, сарқытын көйлегінің жеңіне салып әкеп, баласы мен келінінің дастарханына төгіп, «сендер сияқты салақтың сарқыты» дейтін көрінеді. Келіні енесінің алдынан кесіп өтпесе де, көпке дейін ренішін жасырмай, тек өмірден озарда ғана мақтап, ризашылығын айтып, батасын беріп кеткен көрінеді....

...Сонымен, колхозда танның атысы мен кештін батысына қарамай жұдырықтай қыз еңбекке араласады. Сауыншылардың есепшісі

болған кезінде, ауылдан алты километр түн ортасында бұлақ басына тыққан жұдырықтай майы мен сепаратордан өткен бір шелек көк сүтті кейде ай жарығымен, кейде қараңғыда үйіне әкеп тастап, таң бозара қайтады екен. Ондағы ойы: шиттей бауырлары мен ауру әке аш отырмасын деген қарекеті болса керек. Әкесі қатты ауру, жүріп тұруы қиын, бірақ, бала-шағаға сеп болайын деп, колхоздың егініне күзетші болады. Атына шешесі ертен ерте демеп отырғызып жібереді екен, күні бойы егінді қорып, кешке үйге әрен жеткенде, шешесі аттан түсіріп алады екен. Көп ұзамай әкесі бақилық болады.

Сол жылдары өзінің тете сіңлісі де бой жетіп, 7 класты тәмамдап, еңбекке араласады. Ауылға сатушы болып орналасады. Соғыс кезі, депортациямен ауылға шешен ұлты көптеп келеді, олардың қысы біздегідей қатан емес, келген қыста көп адамдар аштықтан, суықтан қаза табады. Адамның арасында аласы да, құласы да болады емес пе, шешен ұлтының жас жігіттері дүкенге ұрлыққа түседі де: «Бәрін өз мойнына аласын, болмаса өзінмен қоса бүкіл туған-туысыңды өлтіреміз», — деп қорқытады. Сұрапыл соғыстың тұсы, адамдар қорқауға айналған заман, оның үстіне жер ауып келген түрі-түсі бөлек жандардың сұсынан зәресі ұшқан қыз амалсыздан бәрін өз мойнына алады да, бес жылға сотталып, Сібірге айдалады. Бұл оқиға қорғансыз жанұяға үлкен қайғы болады. Қарашадай қыз хат-хабарсыз кетеді. Дегенмен арты жақсы болып, ол кісі бес жылын өтеп, елге қайтып оралады.

Ол тәтеміздің аты Дәметкен еді. Сондай сұлу еді марқұм. Барлығымыз өле-өлгенше «Әйей тәте» деп атадық. Қолының ісмерлігі былай тұрсын, суырып салма ақындығы қандай еді десеніңші! Жүннен қауып жасаған көрпелері мен тоқыған шәлілерін мұражайға қоюға болар еді, шіркін!.. Өмірінде Сібірде болған бес жылы туралы жақ ашпады, ұзынқұлактан естігеніміз

— бурят әйелімен дос болып, түні бойы матраштарының мақтасын қолмен иіріп, одан шұлық тоқып сатып, бір тілім нан тауып жеп күнелтіпті. Бірде барлық әйелдердің шаштарын тақырлап алмақшы болады, бастарында бит бар деп. Тәтемізде тілерсекке түсетін ұзын бұрым, басын қос қолдап ұстап алып жан айқайға басады, шашымды алғанша өлтіріндер деп. Бұл оқиға түрменің бастығына жетеді, ол нұсқау береді, басын тексеріндер, таза болса, шашын алмандар депті. Тап-таза бастан ештеңе таппайды, сонымен бүкіл түрмеде тек Дәметкен тәтемізде ғана ұзын бұрым қалады. Сол бұрыммен ол елге оралады.

Соғыстан кейін анамыз әкемізге қосылады. Екеуі он бала тәрбиелеп өсіреді. Қазір соның алтауы аман-есен, қалған төртеуі бақилық болған, ол да өз алдына зор қайғы, әсіресе, бес айда үш бірдей ұлдан айырылу әулетімізге қиын тиді. Дегенмен, анамыздың рухы мықты жан еді, енесісін түсірген жок. Ол ел алдындағы сыйы мен сүйкімін жоғалтқан емес. Ауыл-аймағымызда

ұзақ жасап келе жатқан қариялардың бірі, жадысы да керемет. Өткен-кеткеннен білетіні көп. Біздің елдің, жердің тарихы мен адамдары туралы білігісі келетіндер анамыздан сұрап жазып алып жатады. Ол кісінің өңгімесі таусылмайды. Баяғы көне жырларды жатқа айтады. «Қыз Жібек» жырын қалай айтады, шіркін!..

Еңбектен қол үзбей жүріп он бала тәрбиеледі. Көп жылдар ауылда сатушы болып істеді. Асубұлақ руднигі ауылдан үш-төрт шақырым. Бірде сол рудниктен жап-жас келіншек келіп анамызға қымбатқа алған кемперін сатып беруін сұрайды, жылап отырып, рудниктің дүкенінен осыны алғанын, ертенінде күйеуінен таяқ жегенін айтады. Өзінікі дұрыс емес, үйде кішкене балалар бар, ақша жетпейді, көзқызарлықпен алып едім, енді ондағылар қайыра алмайды деп, қатты

өтінеді. Анамыздың ойында ештеңе жоқ, сатып берейін деп алып қалады. Біраздан соң құрбылас келіншек дүкенге кіреді, анамыз жанағы дүниені көрсетеді. Біреуге жасаймын деген жақсылығы өзіне жамандықпен қайырылады, ауылдың алты-жеті белсендісі Мақаш заттарды тығып сатады деп ауданға арыз жібере қояды.

Қара күз... Алғашқы қар... Тайынтыда есеп өткізіп жүреді, ауылда, емшекте бала қалған, емшегі сыздап, сырғақтап аққан сүті бауырынан төгіліп, аяғындағы пимаға құйылады. Сөйтіп, әрен жүріп, қайтуға көлік іздеген кезде әлгі таныс келіншек жолығып: «Сіздің ауылға тексеруге комиссия кетті. Сіздің үстiңiздeн арыз жазылған», — депті. Әрең дегенде ағаш тиелген машинаның үстіне отырып, Асубұлаққа келіп, қызыліңірде ауылға жаяу жетеді. Ауылға жақындай бере қарағанда клубтың шамы жанып тұрғанын байқайды. Клубқа кірсе, комиссия мән-жайды естігісі де келмейді, тізіліп жазғыштар да сол жерде отыр екен. Сонда бойын ызы мен нала бұған анамыз іркілдеп су мен сүтке толған пимасын шешіп тақтайға сар еткізеді де: «Кінәлі болсам, Алла жазалар, менде кінә жоқ, мына ақ сүтімнің айырығы атсын мені кінәлі санағандарды», — деп, қайырылып кете барады. Кейін сол жазғыштардың өмірі жақсы болмағанын өзі айтып отырушы еді...

Бұл менің осыдан екі жыл бұрынғы жазбам екен.... Уақыт деген зымырайды, тағы бірде көлемін кеңейтіп газетке жіберсем деген үміт бар еді, енді тек «әттеген-айдан» басқа сөз жоқ. Міне, бүгін көзге жас толып, Анамыздың қыркына қарсы осы жазбаны ары қарай жалғастырып отырмын.

Аяулы Анашым! Жатқан жерің жарық болсын! Топырағың торқа болып, жұмақтың төрінен орын алыңыз!

Сізді ақырғы сапарға шығарып саларда балаларың, немерелерің, шөберелерің әртараптан жиналды, ел-жұрт деген қанша, туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолан... Соның барлығы сізге деген ақ-адал ниеті мен құрметін көрсетіп қалуға жанұшырып бақты. Сіздің бекзат болмысыңызға тағзым етіп, бас иді!



Сіздің берген батаныз біздің жүрегімізде. Ақырғы деміңіз таусылғанша жақындары мен ел-жұрттың амандығын тілеген адам сіздей-ақ болар...

Сіз бізді үлкенге — ізет, кішіге — жәрдем етуге үйреттіңіз. Шөбере-шөпшекке дейін осы тағылымды ұстайды, қазіргі заманда туыстардың бір-бірінен жеріп жүргенін де көреміз, ал сіз бізді бауырмал қылып өсіртіңіз, қанша қиыншылық болса да мойымау керек екенін біз сізден үйрендік.

Жаныңыз жәнната болсын, аяулы АНА!!! Сіздің құлыптасыңызға мынадай сөздер жаздық:

*Тәңірден кейін өзіңе ғана табынам, Ана!
Айырылып сенен, қайғырып қатты
қамықтық, Ана!
Ақ батаң менен ақ ниет
тілек-жүректе мәңгі...
Қиналған кезде қуш алам сенің рухыңнан, Ана!
Ынтымақты ұрпағыңнан...*

Ұрпағыңның атынан,
Расима ЕСІМХАНҚЫЗЫ

Шашу

Елордамыздың 20 жылдығына орай өңірімізде өткен Астананың мәдени күндері мәресіне жетті. Өлкеде 3 күнге созылған мәдени күндерде көрмені, концерттерді, театрландырылған қойылымдарды тамашалаған маңғыстаулықтар көусар жырмен сусындап, жан дүниесін рухани байытты. Маңғыстауды өн мен күйге, жыр мен мереке-думанға бөлеген өнер көруенінің тартуы Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінде «Елордадан елге сәлем!» концертімен түйінделді.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында өткен мәдени кешке ер саланың мамандары, ардагерлері және қала тұрғындары қатысты. Астана қаласы әкімдігінің мемлекеттік-академиялық филармониясы ұйымдастырған

ӨНЕР КЕРУЕНІНІҢ




жырын Кенен Әзірбаев атындағы республикалық байқаудың лауреаты Жазғұл Данылбаева нақышына келтіре орындап, көпшіліктің ықыласына бөленді.

Кеште «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» спектаклі «Дайыдау» әнінің желісімен үзінді сахналанды. Аталған филармонияның әншісі Айнұр Қонысбаева Нұртуған жыраудың «Канеки тілім сөйлеші» термесін мақамымен айтып, көрерменнің көңілін бір серпілтіп тастады. «Қазақ» оркестрі Н.Тілендиевтің «Ата толғауы», Қорқыттың «Елім-ай, халқым-ай» күйлерін

кештің шымылдығы ҚР еңбек сіңірген қайраткері Айтқали Жайымовтың «Шаттық елі» күйімен түрліді. Күйді «Қазақ» оркестрі орындап, көрерменнің көшеметіне бөленді. Мерекелік концертте Абайдың қара сөздерінен әдеби музыкалық кештен үзінділер қойылып, шебер кестеленген «Сегізаяқ» өлені айтылды. «Жыр алыбы — Жамбыл»

тамылжыта төкті. Кеште композитор Арман Жайымның «Алпамыс» балетінен үзінді ретінде «Тайшық ханның Қуаныш» биі туындысы ұсынылды.

«Қазақ оркестрінің» өнерпаздарының «Шалқыма» халық биі ансамблінің, эстрадалық, халық және классикалық вокал солистерінің өнері көрермендерді шат-шадыман күйге бөледі.



Бабалардан қалған бағзы әуендерді әуелетіп, ұлттық өнерді биік белеске көтерген өнерпаздар халыққа рухани қуат сыйлап, шөлін басты.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ
Суреттерді түсірген Талант ҚҰСАЙЫН

Келбет

Даңқты Бауыржан Момышұлының, әсіресе, жасы ұлғайған шағында кері бұланша шамырқанып, қасына көп ешкімді жуытқысы келмегені туралы әңгіме көп. Ал батырдың өзінің алтын сарайдай жан әлеміне әркім-біркімді маңайлаша бермегені әуелден-ақ белгілі.

Кіді мінез, шамшыл Баукең бастапқыда Александр Бекті де жолатпайды. Мұны кейін жер жүзінде жүзден аса тілге аударылып басылған әйгілі «Волоколам тас жолы» кітабының авторы өзі де жазды. Қаһарман қолбасшы «Ажал құшқан жиырма сегіз ердің аманаты», «Бранденбург қақпасы» сияқты очерктердің иесі, майдангер журналист Александр Кривицкийді де екі аяғын бір етікке тығып, қатты обдыратқан екен. «Ақиқат пен аңыз» диалогиясын жазған Әзілхан Нұршайықовты атақты сардардың алғаш қалай қабылдағаны осы күнгі екі қазақтың біріне аян. Оны қойып, «Восхождение к отцу», «Во имя отца», «Сыновья великого волка» деген тартымды дүниелер туғызған Баукеңнің жалғыз ұлы, дарынды қаламгер Бақытжан Момышұлы да әкесімен арадағы күрделі қатынасты жасырмаған.

Көптеген газет-журнал тілшілерінің өз басшыларына: «Бауыржан Момышұлымен сұхбатқа жұмсағанша, тордағы арыстанның жалынан сипап кел дегенініз оңайырақ еді!» деп, батырмен кездесуден ат-тондарын ала қашқанын білеміз. Сондықтан да бұл тұрғыда, осынау аса қайшылықты, алып тұлғаның жанында жиырма екі жылдай жүріп, кінәз көңіліне жол тапқан жазушы Мамытбек Қалдыбайдың ісін кейде үлкен ерлікке баласа да артық емес-ау деп отырасың. «Көктемдей мінезім бар құбылмалы» дейтін Баукеннің кейдегі қарлы-боран, ызғарлы сәттеріне де тап болудың жеңіл соқпағаны түсінікті. «Екінші бұл үйдің босағасынан аттама!» деп талай қуып шыққан да кезі бар екен. Бірақ ширек ғасырға жуық аралықта батырдың талай қорлығына шыдап, жағаласа жүріп, «Ұмытылмас кездесулер», «Атак пен шатақ», «Мен — халқымның Бауыржанымын» аталатын төрт том еңбек жазған *(соңғы кітап екі жинақтан тұрады)*.

Әрине, Баукең бостан-бос қабаржи бермейді. Білімсіздік пен көлгірлікті сонша ұнатпайтын өзі де талғампаз жазушы адам өтірік пен лепірме сөзді, асқақ пафосты да жаратпаған.

Әр жылдарда Бауыржан туралы бірқатар өзге де кісілердің қалам тартқаны мәлім. Дегенмен, осылардың көбі алапат майданда от пен судан өтіп, сәт сайын ажаймен бетпе-бет келген аса айбарлы, өте шыншыл жанның талабынан шыға қоймайды. Кейде ондайда қынжылып, тіпті қатты ренжіген тұстарын да көреміз. Мысалы, батыр осы Мамытбек баласына айтқан әңгімелерінің бірінде: «Ол менің айтпаған сөзімді — айтты, ойламаған ойымды — ойлады деп жазлады. Қарағым, көңіліне келсін, келмесін, бұдан артық өсек бола ма?! Оның мені осылай бес тиынға сатып жібергеніне не айтасын? Маркум Александр Бек, жатқан жері торқа болсын, мені бес тиын емес, бес миллионға сатқан жок. Александр Кривицкий де солай. Я оскорблен. Соны сезіп, әлгі жазушы маған жоламай жүр» дейді.

Бауыржан баяғы майдан даласындағы блиндаждарда А.Бек дәптерлеріне қатал шүкшіятынындай, анда-санда Мамытбек жазбаларын да қадағалап отырғанын андаймыз. Кейін өбден сенген. Ақ жүректігіне көз жеткізген. Қылаусыздығына құлаған. Әйтпесе мұны да жуытпас еді. Бәрібір, кінәмшіл жанның бабын табу өте қиынға түседі: «Қойын дәптерімді ала бермек едім, Баукен: — Жоғалт көзінді! — деп қатты айқайлап жіберді. Мен жым болдым. Бөлме ішін үнсіздік жайлады. Қанша миңот өткенін білмедім, бір кезде: — Жазушы — стенографист емес! — деп Баукең маған қаһарлана қарады. — Айтқанды айтқандай жазып алу — стенографистердің жұмысы. Жазушы адамды бақылауы керек, қалай сөйледі, неге ашуланды, неге қуанды? Соның бәрін өз процесінде, яғни қимыл-қозғалысымен, ерекшелігімен суреттеуі керек. Ал сен көшірмексің!...»

Мұндайда не істей аласын? Ұстараның жүзінде отырғандай қыпылықтап, кейіпкеріннің қас-қабағы мен дауыс ырғағынан сыр аңдап, оның аузынан шыққан әр сөзді жадына түйіп, көкейге тоқуға тырысып, қара терге малшынарын анық. Теңіздей терең, сұңғыла адам толғайтын дүниедегі сөз астары, ой мағынасы деген және бар. Бәрін дереу сініріп алуын қажет. Ақылды, білімдар адам қоятын сұрағынның да мәнді болуын талап етеді. Күйкі тірліктің майда-шүйде жәйттерін көйітпей, мәңгілік биік мұраттар мәселесін қаузауға тиістісін. Елге — үлгі, ұрпаққа сабақ болатындай мазмұнды, ғибратты жағдайларды қозғағанын жөн. Сұхбат барысында ұлы ойшылдар мен әлем классиктерінің, атақты қолбасшылардың даналықтарынан мысалдар келтіріледі. Пәлсапалық тұжырымдар алға тартылады. Соны лезде қағып ала алмай, қайталап сұрасан: «Не былжырап отырсын?! Соны да білмейсін бе! Өзін не деген миғұла едің!» деп тастаудан да тайынбауы мүмкін.

Демек қаһарманынның денгейіне көтеріліп, бүлкілдей салып, қалмай ілесуге тиістісін. Енді кей сәт әңгімешіден бірер адым алға озып шығатын жағдайын болса, тіптен ғажап! Бірақ ол оңай шаруа ма...

О тұста бүгінгідей шағын диктофондар да жок қой. Ал жазушы айтылған әңгімені табиғи қалпында қолма-қол қалайша екішеп, реттеп үлгереді? Күні-түні қайтп тырбанады? Жазуға қалай жаттығады? Мұның бәрі, әлбетте, қаламгердің өз лабораториялық құпиясы.

Әйтсе де, сарабдал, қырағы Баукен осындайды да ескерген екен: «Сен өз әсер-

сезімінді қағазға түсір. Мына жағдайды түсін, ойлан-толған. Оған уақытң толық жетеді. Егер ойынды қорытып, алған әсер-сезімінді қағазға түсірмей бос қарап отырсаң, онда сен жазушы емессін. Түсіндің бе?». — «Мен үндемедім» дейді бұл.

Батыр қантүбіт балапанын бауылған ата қыранша шәкертін өзі-ақ қайрап, шыңдап, баптап та отырған.

Қаһарманның көзқарасын сөзбе-сөз жеткізудің тағы бір қиындығы — Бауыржан кейде қоғамдағы келенсіздікті аяусыз өшкерелейді. Ондайда биліктегі лауазымды тұлғаларды, яки ұсақ пендешілікке бой алдырған өзінің аға буын немесе іні әріптестерін, басқа да замандастарын бет-жүзге қарамай іреп салады. Сондайда көңіл күйін баспасөзге жариялана бермейтіндей өте уытты тілмен жеткізетін кездері де бар.

Осы ретте бұдан оншақты жылдай бұрын Баукеннің өзінің қандықлық досы Дмитрий Снегинге қалдырған үш қойын дәптері қолыма түскені ойға оралады. Оны маған кезінде «Төле би қорының» президенті Оралжан Масатбаев сеніп берген еді. *(Тегінде, сол құнды жазбаларды марқұм Дм.Снегин мен Орекең және осы жолдардың авторынан өзге көп ешкім біле қоймайтын да болуы керек. Қ.М.)*.

Кейін ұзақ толғанып, аталған дүниеге қатысты шағын кітап жазған Дмитрий Федорович осы үш дәптердің біреуін ғана игеріпті. Себебі, жаркылдаған ақ алмастай өте қауіпті жазбаларға жариялану пайдаланбаса, арандап қалудың оп-онай екенін жақсы білген. Мен де аталған дәптерлерді бес жылдай ұстап, көп бөгіліп, республикалық «Жас қазақ» газетіне арнайы мақала жазғанмын. Кейін бұлар кітапқа енді. *(«Аты аңызға айналған» — «Тоғанай — Т.». Б.Момышұлының 100 жылдығына орай шығарылған басылым. Алматы. — 2010. «Шындықтың кермек дәмі». 333-360 б.б.)*.

Бірақ әлгіндей себептермен, сондағы ойларды толық қаузауға менің де қауқарым жетпепті. Бірақ Баукен Дм.Снегинге «На

БАУЫРЖАН ӘЛЕМІНІҢ ЖЫРШЫСЫ

ТӘБӘРІК➡

МАРШАЛДАРДЫҢ МОЙЫНДАУЫ

(Совет Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының әңгімелерінен)

— 1948 жылы Генеральный штаб Вооруженных сил Советской армии организовал стратегические учения по вопросу завоевания Балканских стран. Руководителем большого учения был маршал Советского Союза Васильевский. Посредником от Главного командования был маршал Жуков. Командующим фронтом на главном направлении был маршал Советского Союза Баграмян.

Я был назначен командующим 8-ой армии. Эта стратегическая игра происходила на территории южной Украины. В городе Умане меня вызвали в штаб фронта и приказали доложить обстановку, как командующему. На карту были нанесены возможные противники и наши силы. Мне было приказано доложить обстановку об операционном направлении Армии командующим мною. В моей Армии было четыре корпуса. Взяв в руку указку, я докладывал свои соображения. Остановившись на одном из корпусов, я доложил:

— Я думаю, с этим корпусом ничего не выйдет. Баграмян — лысый, усатый армянин страшно обозлился и самым грубым тоном бросил мне реплику:

— По вашему только Вы думаете, а мы не думаем. — Товарищ командующий, я докладываю маршалу Советского Союза Васильевскому, — дедім мен.

Баграмян көкпеңбек болып кетіп, тағы бір нәрсе айтайын деп келе жатыр еді, Васильевский өте мәдениетті, ұстамды адам екен:

— Иван Христофорович, потрудитесь молчать! — деп айқайлап тастады. Содан соң маған қарап: — Товарищ полковник, продолжайте, — деді.

Мен қанатанып қалдым. Жуков жүр еді сонда, осының бәрін ол естіп тұр. Мына Құлый енді не дер екен деп мені сынап жүр. Мен баяндамамды аяқтап, ерқайсына бағамды беріп тұрмын. 3-ші корпусдың жағдайына келгенше, Жуков мені сүріндіргісі келді. Сөзімді бөліп жіберіп:

— Мұныңыз қалай? — деп тастады маған.

Мен ойланып тұрған нәрсемді бөліп жібергеніме түрім бұзылып кетсе керек. Георгий Константинович Жуков соны сөзе қойды. Ол кісінің бойы менен кішкене бөкене еді. Менің қасыма келіп:

— Ты на меня обиделся? — деді. — Полковником на маршалов обижаться не полагается.

Жуков менің иығымнан қағып жіберді *(он простой человек)*.

— Ёфу, твою мать! Ты меня убил, — деді де, — Продолжай доклад, — деп докладымды аяғына дейін тыңдады.

Содан кейін Васильевский: — Доклад полковника обставленный и обоснованный. Как вы на это смотрите, Георгий Константинович? — деп сұрау қойды.

— Я тоже такого-же мнения, товарищ маршал, — деп жауап берді Жуков. Баграмян көкпенбек болып кетті. Жуков келіп тағы да мені арқамен қақты. Айтқан сөзі: «Ы грамотный полковник. Извини меня, пожалуйста, за неуместный упрек», — деп менен кешірім сұрады.

— Простите, товарищ маршал, Ваша реплика для меня учеба.

— Ёфу, ты опять меня убил, — деді.

некоторых стоит табу: не для печати. Но я дам тебе знать — даже отсюда — час пробил, обнародуй все... даже то, что я повелевал забыть!» деп қолтанба қалдырады. Яғни күндердің күнінде ештенені жасырып-жаппай, бәрін де түгелдей жариялауды аманат еткен.

Бауыржан батыр ұзақ жылдар тонның ішкі бауындай араласып, туған баласындай болып кеткен Мамытбекпен де ешкімге айтпаған жан сырымен бөліскені даусыз. Сондықтан Мөкеннің қолында да ашық айтуға әзірше мезгілі туа қоймаған әңгімелер баршылық сияқты. Алайда «Бауыржанның әрбір сөзі, біз қаласақ та, қаламасақ та, жалпыұлттық мәдениетіміздің бір бөлшегі» деп Дм.Снегин айтатындай, Баукеннің қасында көп жүрген Мамытбек Қалдыбайұлының қаны сорғалаған шындықты қалайда бүгіп қалмауға ұмтылатынын көріп жүрміз. Бірақ осынысымен де кейбіреулерге жақпайтын сияқты. Мысалы, кезінде оның «Нөмірі екінші ақымақ» («Жас Алаш». 1993 жыл. 5 маусым) аталған эссесін әлдекімдердің сонша тіксіне қабылдағаны есімізде. Мұнда автор санада сан жылдар бойы сірескен дүниетанымдық стереотиптерді батыл бұзып, көпшілікке нағыз ақиқат кескінін суырып көрсетуге тырысады. *(Бұл дүние, негізінен, Баукең мен атақты режиссер Асқар Тоқпановтың ара-қатынасы туралы еді. Батыр осы інісін еркелетіп «нөмірі екінші ақымақ» деп атаған көрінеді. Ал өзін әзілмен «бірінші ақымақын» деген)*.

Кей ағайын «Нөмірі екінші ақымақ» жарияланғанда: «Аскарды — өсекші, Ғабитті — арамза, Бауыржанды ішкіш қылып көрсеткенде автор не ұтты? Мұндай мақалалар ұрпаққа не тәрбие береді?» деп күңкілдесіп жүрді. Тіпті күйіп-пісіп, қарсы мақала жазғандар да бар. Іле-шала есеге меке де үн қосып, Мамытбек дүниесін «Зиялылық деген осы» деп бағалаған едім. *(«Жас Алаш». 1993 жыл. 23 маусым)*. Сонда: «Бір ғасырда бір туатын алып тұлғалардың



— біздің Баукендердің, Мұхандар мен Ғабендердің қасіреті көбінесе қоғамның да қасіреті екені анық қой. Мұның сырын терең түсіну, түсіне отырып қамығу, келешек ұрпақ қамын ойлау — нағыз зиялылық мінездің, қазаққа шын жанашырлықтың белгісі емес пе. Жалпы ғұмырлық құбылыстардың тек бір ғана қырынан келіп үйренген, шын өнер сырынан хабарсыз, өресі тар қауым ертен әлемдік өркениетке қалай барады? Ұлттың әлі күнге дейін арыла алмай жүрген көп қасиретінің түп-тамыры осылайша өз-өзімізді алдарқатып, жауырды жаба тоқу әдетімізде жатқан жок па?» деген ой айтыппын.

Әсітінде, «Зиялылардың өздерін биіктететін екі міндеті бар. Біріншісі — шындыққа жүгіну. Екіншісі — әділетсіздікке қарсы күресу» деп француз жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты Альберт Камю түйіндегендей, Мамытбек Қалдыбай мақаласы дәл сол тұста әжептәуір қоғамдық серпіліс туғызғаны рас еді.

Қарап отырсақ, ұзақ жылдар үздіксіз тілдескен Бауыржан мен Мамытбек әңгімесі қалайда қоғамды жақсартуға, халықты белгілі бір сапалық биіктерге шығару тақырыбына негізделеді. Дегенмен төңіректегі тоғырлық торықтырып баққандай: «Жасым келген кісімін, жаманды-жақсылы творчество адамымын. Көпті көрген, көп нөрсені түсінген жанмын. Орысша айтқанда, мені сейчас мучает мое противоречие с моим окружением. Олардың түсінігі бөлек, менің түсінігім бөлек. Екеуінін басын қоса алмастан қор болып жүрмін», — дейді Баукен. — Немесе: «Консерватизм деген сөз бар. Оған жете мән беріп, терең түсіне алмай жүрміз. Оны жамандаудың эпитетіне айналдырып жібердік. Бұл дұрыс емес. Консерватизм — тарихи оқиға. Оған қарсы шығып жүрген белсенділердің өздері нағыз еліктеушілер. Нағыз керітартпашылар», — деп бір тоқтайды...

Ендеше құндылықтардың алмасып, білімсіздік көбейіп, адамгершіліктің азаю құбылысы сонау жетпісінші, сексенінші жылдары-ақ анық белгі берген екен. Иә, ақша... Қу дүние деген кім-кімге де керек-ақ. Бірақ құлқынның құлы болып, адамдықтан алыстап, арамдықпен тапқан сол дәулеттің өзі бір күні алдымыздан сор болып шығуы ғажап емес-ау...

Қартан тартқан ер Бауыржанды осындай ойлар қажаған. Мынмен жалғыз алысқан Абай мен «Алаш» арыстары секілді Баукенді де мемлекеттік мүдде, ұрпақ қамы, қазір жгі айтйла бастаған «Мәңгілік ел» идеясы көп толғандырған.

Шымбайға қанша батса да, ашы шындықты айтудан танбаған қарт сардар өз жанын өзі жұлып жегендей аласұрып, мазалаған ойларын түйдек-түйдегімен Мамытбектің құлағына құяды: «...Бұған назырқансаң, Қасымның өлендерін қара! Оны түкке тұрмайды, ұлтшыл-мұлтшыл деп қор қылып өлтірген — өзіміз. Сол «түкке тұрмайтын, ұлтшыл-мұлтшыл»

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Қасымның өлендері мен басқа ақындардың өлендерін салыстыр. Олар өздерін классиктерміз деп санайды. Ал Қасым бір үзім нанға зар болып өлді. Сөйтсе де ғажап байлық қалдырды. Соның бір тиын қаламақысы өзіне бұйырмады. Ал «классиктер» миллионер болып кетті...». «Надан кісілер «мынау орынға лайық емес едім, мені көтермелеп қойды ғой. Енді оқын, ізденейін» демейді. Қайта керісінше, ақшасын, машинасын пайдаланайын. Құдай мені о баста осындай жаратқан деп өзін ақылды санайды. Кейбір кісілердің өнегелі сөздерін жаттап алады. Іске творчестволықпен қарау деген оларда болмайды»...

Іждағатты, ізденімпаз Мамытбектің де сауалдары бір толастамапты. Баукен де жас серігіне: «Сенің байқаусызда қойған сұрақтарыңның арасында данышпан сұрақтар да бар. Ой тереңіне сүңгімейін десем де сүңгітесін», — деп алара бір қарап қойып, сөз жалғастырады.

Үлкенді-кішілі скеудің әңгімесі көбінесе айналып келіп елдік мәселесіне, қандастардың ізгілігі дүниесіне айналып соға беретін секілді: «Ұлт мүддесін бәріміз бірдей ойлауымыз керек деген жай, жаттанды сөз. Ақылды, ақылсыз әртүрлі адамдарды түсіндіріп жолға салатын басшы, оны сайлайтын халық, халық пен басшының арасын тепе-теңдікте ұстап, бөріне бірдей адал қызмет ететін зиялы қауым болу керек. Сонда ғана ұлт күшті болады. — Біз ұлттық салт-дәстүрімізді, тілімізді сақтай



аламыз ба? — Егер елінді басқарған адам ұлттғын бүгінгісін, келешегін, өзінен ең аз дегенде 50-60 жыл кейін өмір сүретін ұрпақтарының барлық жақсылығын, болашағын ойлаған басшын болса, сақтай алысндар. «Менің басшы болып билік төрінде отырғаным қоғамымыздағы адамдардың аркасы. Мен — осылардың қызметшісімін. Осылардың үмігін ақтау үшін билік басына келдім. Бұлардың өмірін, қазіргі жағдайын жақсартуға міндеттімін. Ол үшін халықтың моральдық-материалдық, рухани өмірінің бәрін, мүмкіндігінше, қанағаттандырарлай жағдайға жеткізуім керек» деген басшын болса, ұлттық салт-дәстүрінді, тілінді сақтай аласын. — Тазалыққа қалай жетуге болады? — Өз мүддесін өзгенің мүддесімен әр уақытта қатар қойған адам — таза адам. Жалпы, тазалыққа жету өте қиын нәрсе. Өйткені, пендешілік әркімнің ойын, қол-аяғын тұсайды. Кейде ағайынына, ауылдасына, аталасына тартып, өмір зандылығын бұзатындар бар. Мысалға, қазіргі заманды алайық, біреу басшы орынға барса, оның ақымақ шиебөрілері арыстанның, түлпардың, сұңқардың тұғырына қонжия кетеді. Таза болу — адалдықтың асқар шыны. Оған жету кез келген адамның қолынан келе бермейді. Ондай таза адамдар өте сирек, бірақ бағамызға қарай өмірде бар. Өкініштісі, олардың ешуақытта жолы болмайды. — Неге жолы болмайды? — Жолы болмайтыны, жоғары қызметте отырғандар тазалықты жек көреді»...

Адалдықпен жүрген Мамытбектің де, расымен, ұшпаққа шыққаны шамалы екен. Қаһарман Бауыржан Момышұлының өзін шетке қакқан қоғам қатардағы мұның инабат-ізетін қайдан ескеріп жатысн. Қайта қарапайымдылығын қарабайырлықпен, жуастықпен шатыстырып, басынғысы келіп тұратын сияқты. Кейбір әріптестерінің өзі Баукендей қатал сыншының тезінен өткен сақа жазушыны көзге ілгісі келмейтіндей. Бәрібір кіршіксіз тазалығынан айнымақ емес. Әйтпесе, Бауыржан туралы қалам тербеуге моральдық құқы болмас еді. «Арам жазушының жазғаны да арам» дейтін-ді Баукен де...

Қалай дегенмен, жаны жомарт, кейде баладай аңғал, аңғырт мінезді қаламгерді Бауыржанын құрметтейтін қазақтың бәрі қалірлейді.

Кейде: «Осы Бауыржан ағам неліктен құмар болдым екен?!» деп өзінің де қиялдап қоятыны бар еді. Бұл сауалдың да жауабын бірде көп қиналмастан сол кісінң өз-ақ беріп тастаған көрінеді: «Баукен сәлемімді селкостан алды. Амандық-есендік сұрасқан сон: — Үйде жатқан менен саған не керек? — деді айбар бөсе қарап. — Не керек екенін өзіңіз білесіз ғой, — дедім мен аздап имене тіл қатып. — Ашығын айтсам, сен мені іздеп жүрген жоксың! Өмірге құштар жандардың жолын ашам ба деп, адам баласының қасиеттерін жақсартатын қазына іздеп жүрсін. Байқаусызда мені тауып алып, түрлі сұрақ қоюмен келесің»...

Иә, «Алтын шыққан жерді белден қаз!» демекші, Баукендей сарқылмас «кенішке» кезігіп, оның жұрт білмейтін асыл сырларын әңгімелеп, тамсантумен келе жатқан осы Мамытбек ағам кейде маған жақсылықтың жокшысы ғана емес, бір сәт сонау Бауыржан әлемінің шежіреші-жыршысындай болып көрінетіні де жок емес. Бүгінде Мөкендей еңбек торысысыз кастерлі бауыржантану саласын елестетудің өзі мүмкін еместей.

Бәлкім, қаламгерліктің бақыты деген де осындай шығар.



Құлтөлеу МҰКАШ



ЖАҢҒЫРЫҚ

Алматыдағы «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешенінде «Ұлы дала – көшпенділер әлемі» халықаралық этномәдени фестивалі өтті. Екі күн бойы 12 мемлекеттен келген кіл спортшылар қарым-қабілетін байқап көрді.

Дүбірлі додаға жиналған қауым Қазақстан, Қырғызстан, Мажарстан, Моңғолия, Украина және Башқұртстан, Тыва, Дағыстан, Якутия және т.б. елдерден келген саңлақтардың өнерін тамашалады.

Қатысушылар көшпелі халықтың салт-дәстүрін дәріптеп, ұлттық спорт ойындарынан сынға түсті. Садақ ату, бөйге, жамбы ату, аударыспақ, қыз қуу, асық ату сынды ұлттық ойындарды жиналған жұртшылық қызыға тамашалады. Моңғолиялық қонақ Алтан Нэргүйдің айтуынша, этнофестивальге жыл сайын қатысуға тырысады екен. Ол «Қазақ

көп екеніне қуанамын», — деп ағынан жарылды.

Асық ату сайысы да тартысты өтті. Таяқ тастам жерден көздеп тұрып, моншақтай тізілген асықтардан сақасы секіріп өтіп кеткендер сан соғып жатты. Жамбы атуда жүйрік атпен шауып келе жатып, нысанаға дәл тигізген мергендердің



халқы — өте қонақжай халық десем қателеспеймін. Бізге бауырларымыз деп ерекше құрмет көрсетеді. Бұл фестиваль — әр елдің ұлттық спорт ойындарын, колөнерін насихаттайтын бірден-бір дода. Көне түркі халқының бүгінгі ұрпақтарына ұлттық мұраны дәріптеп қана қоймай, оның құндылықтарын жастарға түсіндіреміз. Біз тарихтан көрініс беру арқылы келешекке құнды мұра қалдырамыз. Ұлттық ойындардың қазақ даласында өтуі бекер емес. Қазақстанда ат спорты жақсы дамыған. Ал садақ атудан нысананы дәл көздейтін мерген қыздардың өнеріне тәнті болдым. Көкпар, аударыспақта — ат үстінен аударып түсіретін мықтылар, тенге ілу, жамбы атуда — құралайды көзге атқан мергендер, белдесуде жауырыны жерге тимейтін мықтылар



«Қазақстанның ұлттық спорт түрлерін демеушілік қаражат есебінен халықаралық деңгейге жылжыту, ұлттық спорт түрлері бойынша спорттық іс-шараларды заңнамада көзделген қаражат шегінде ұйымдастыру және өткізу қажет»

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

қатары көп. Садақшы қыздардың ат үстінде желдей есіп келіп, садақ тартып, нысанаға қозықш жерден дөп тигізген шеберлігі тәнті етті.

Халқымыз ұлттық мұраны насихаттауды ел тарихынан бастап, бүгінгі кезеңіне дейін жүйелі жолға қойған. Ұлттық спортты

САЛАУАТТЫ ӨМІР



Бұқаралық спортты дамыту — ұрпақ саулығының көпірі, ұлт денсаулығын сақтау жолындағы амалдардың бірі.

Адамдардың денсаулығын жақсартып, жасын ұзартатын, көңілін көтеріп, сымбатты да жинақы жүруіне септесетін спортты бұқаралық сипатқа айналдыруды мақсат тұтқан түбекте бірқатар спорттық шаралар жиі ұйымдастырылып тұрады. Атап айтсақ, таялда Елордамыздың 20 жылдығына, Қазақстан полициясы мен халықаралық Олимпиада күніне орай велошеру өтті.



аланынан бастап, 15 шағынаудандағы «Грин парк» кешеніне дейінгі жолды жүріп өтті.

— Спорт адамның денсаулығын қалыптастыруға ықпал етеді. Салауатты өмір салтын

Спортты серік еткендер

насихаттау арқылы тұрғындарды спортқа көптеп



тартқымыз келеді. Осы веложарысты жиі өткізудің де мәнісі осында, — деді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының бөлім басшысы Нұрбол Жұмабай.

Белгіленген жеңіс жүріп өтіп, мәреге алғаш болып жеткендер марапатталып, бағалы сыйлықтар табыс етілді. Мәселен, 18-ден 31 жасқа дейінгі қатысушылар арасында 1-орынды Дмитрий Казаков жеңіп алса, 2-орынды Тимур Ястремский, 3-орынды Валерий Молодцов алды. Ал 31 мен 45 жас арасындағы спортшылардың ішінен 1-орынды Евгения Казакова қанжығасына байласа, Әлия Төлешова

мәре сызығына 2-ші, Әнел Аламабетова 3-ші болып жетті. Адамның бұлшықетін нығайтып, қан айналымына оң әсер ететін жарыста 46 жастан асқан үздік спортшылардың арасынан облыс әкімі Ералы Тоғжанов бірінші болып мәре сызығын кесті. Сергей Дроган мен Николай Боков 2,3-орындарды бөлісті.

Спорт сүйер қауымның ішіндегі ең жас әрі белсенді қатысушылар да марапатталды. Әкесімен бірге келген 3 жастағы балаға облыс әкімі Ералы Тоғжанов велосипед табыстап, «Келешекте еліміздің абыройын асқақтататын, мәртебесін көтеріп, туын биікте жасқартатын спортшы бол!» деген тілегін білдірді.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміз

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байкал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2119;

Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 50 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.